Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№14 (1017)

09.04.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ҚАУІПСІЗ ТУРИЗМ

Тарихын табыс көзі еткен ТҮРКИЯ

ӘРБІР ЖЫЛДЫҢ ӨЗІНІҢ БЕРЕР ТАРТУЫ, ҰСЫНАТЫН НЕСІБЕСІ БОЛАДЫ ЕМЕС ПЕ?! ОСЫ ЖЫЛДЫҢ МАҒАН ЖАСАҒАН СЫРАЛҒЫСЫ ТҮРКИЯ ЕЛІНЕ САПАРЛАУ СӘТІ БОЛДЫ. БҰЛ САПАР ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫН, ОРТАҚ РУХАНИ ТАМЫРДЫ СЕЗІНУГЕ МҮМКІНДІК БЕРДІ. ЕҢ БАСТЫСЫ, БІЛІМ КӨКЖИЕГІМ КЕҢЕЙІП, ЖАҢА БІР ӘЛЕМНІҢ ЕСІГІН АЙҚАРА АШҚАНДАЙ БОЛЫП, КӨҢІЛГЕ ДЕ КӨП ДҮНИЕНІ ТҮЙІП ҚАЙТТЫМ. АДАМ БАЛАСЫ ҮШІН БҰДАН АСҚАН ТАРТУ ЖОҚ ШЫҒАР, СІРӘ?!

Сонымен, Қазақстандық журналистер Стамбул – Бурса жобасымен Түркияның біраз көрікті жеріне барып, пандемия тұсындағы туризмнің жағдайына куә болдық. Ал бұған ұйытқы болып, бастап барған Түркітілдес журналистер қорының жетекшісі Нәзия Жоямергенқызы екенін, сапардың негізгі ұйымдастырушысы Түркияның Мәдениет және туризм министрлігі болып табылатындығын да айта кетейік.

Алғашқы әсер

«Қай елге барғыңыз келеді?» деген ұлымның сауалына үнемі «Түркияға» дейтінмін. Бұған дейін сұлтандар елін түркі сериалдарынан ғана тамашалап келген болсам, енді осы өлкеге арнайы табан тіреудің сәті туды.

Бұл менің шет елге алғаш ұшуым болғандықтан, әрі армандаған түркі еліне сапарлауымның өзін жақсылыққа жорыдым. Бұған дейін Түркияға жолы түскендердің аузын ашып айтар ертегіге бергісіз әңгімелерінен естігенімді енді өз көзіммен көріп, тамашалау бақытының бұйыруы, Түркітілдес журналисттер қоры командасындағы құрамның бір мүшесі болып бару да, тегін сапарлаудың өзі де кез келгенге бұйыра бермейтін бақ емей, не дерсің. Бұдан өзге журналистиканың жілігін шағатын мықты әріптестердің сапына енудің жөні тіптен бөлек-ау...

Осылайша, Алланың қалауымен, Түркітілдес журналистер қорының ұйытқы болуымен жеті журналист наурыз айының 25-і күні Алматы әуежайынан көптен күткен сапарға шықтық. Бағытымыз – Түркияның ең көне шаһарларының бірі, Еуропаның мәдени астанасы – Стамбул болғанымен, бес күнге созылар сапарда Бурса, Изник, Гөлйазы қалалары мен Джумалықызық ауылына және Улудағ (Ұлытау) тау-шаңғы курортын тамашалап, көрікті жерлерге табан тірейтініміз қуантты.

Сапарлас болған әріптестер арасында Шымқаладан келген Гүлжан құрдасым екеуміздің бұл өлкеге табанымыз тиіп көрмепті. Яғни, ол да мен секілді сырлы да, сұлу Стамбулға алғашқы рет сапарлауы екен.

...Мені – Түркияға бару ғана емес, ұшаққа отырып, зеңгір көкте еркін қалықтаудың өзі керемет күйге бөледі. Әсіресе, көк аспанда, ақ бұлттар арасында қалықтаған ұшақта отырған сәттегі көкірегімді ерекше күй кернеп сала бергенін несіне жасырайын. Құдды бір ертегілер әлеміне саяхаттап бара жатқандай күйде отырғанымды айтсам, қияли демеске лажыңыз жоқ. Бірде толқыған, бірде буырқанған ішкі тебіреністі де айтып жеткізе алмаспын-ау. Сананы сан түрлі сезім билеумен бес сағаттық жолдың қалайша жылдам өтіп кеткенін де сезбей қалыппын. Туризм саласындағы жетістіктерімен кеуде кере мақтана алатын Стамбул қаласына қонуға бет алған ұшақ әйнегінен төменге көз салудың өзі бір керемет қой, шіркін!..

Turkish AirLines әуе компаниясының қызметшілері жолаушыларға барынша жағдай жасап, сапарымыздың қолайлы өтуін қамтамасыз ете білді. Сонымен, ұшақ Стамбулдағы халықаралық әуежайға келіп қонды. Топ бастаушы, әріптесіміз Нәзия Бейсенованың айтуынша, бұл қаладан 40 шақырым қашықтыққа орналасқан дүниежүзіндегі ең ірі әуежай болып табылады. Көзбен көргеніміздей, әуежайдың аумағы бір қаланың көлеміндей екен. Ал мұндағы туристік сервисті, әуежай кеңдігі мен әсемдігін сөзбен айтып жеткізе алмаймын-ау. Мұны тек көзбен көру ғана керек...

Жалғасы 8-9-бетте.

АНДАТПА

ТАРИХИ ДЕРЕК 4-5 бет

ҚОНАЕВҚА НЕГЕ СОҚТЫҒА БЕРЕМІЗ?

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ 7-бет



КҮШІ АДАЛ, ЕТІ ХАРАМ, ХАЙУАН

ОБРАЗОВАНИЕ стр. 10

ПЕДАГОГ-НАСТАВНИК

ОЙТАЛҚЫ 16-бет



БҮЛДІРУГЕ НЕГЕ ҚҰМАРМЫЗ? немесе СЫНЫ КЕТКЕН САЯБАҚ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЭКОНОМИКА

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ БАҒАСЫ ШАРЫҚТАП БАРАДЫ

Алматы облысында айналдырған бес күннің ішінде жанар-жағармай бағасы қымбаттап кетті. Мәселен, көлік жүргізушілер арасында сұранысқа ие АИ-92 маркалы бензин кейбір жанармай бекеттерінде 168 теңгеге жеткен.

Бұл тұрғыда мұнай өнімдері нарығының сарапшысы Ерлан Жаукин: *«Жер қойнауын пайдаланушы, мемлекет пен тұтынушы арасында тепе-теңдікке келу керек деп санаймыз. Бұл жер қойнауын пайдаланушының экономикасын жақсартуға мүмкіндік беретін шағын ғана бөлік. Жанармай бағасы әлі де өседі. Бізге оңтайлы баға АИ-92 үшін 180-185 теңгені құрайды"*, – деп атап өтті. Жанармай бағасының өсуі туралы деректерге қарасақ, біздің жанармай бағасын ресейдікімен теңестіргісі келетіні анық көрінеді. Мұны биліктегілер өздері де жасырған емес. Үкімет бағаның өсуіне немесе азаюына жауап бермейтін болғандықтан, бензин бағасы 165 теңгеден 185 теңгеден көтеріле беретініне күмәнсіз қарауымыз керектей.

Бензин бағасының шарықтауына қатысты ел ішінде наразылықтарын білдірген жандар да аз емес.

Бекет КЕҢШІЛІК такси жүргізушісі: – *Бұрын АИ-95 маркалы бензинін қолдандым. Қазір оның бағасы – 190 теңге. Ал, АИ-92 маркалы бензиннің бағасы – 168 теңге. Сондықтан, қазірге уақытта, АИ-92 маркалы бензинді пайдаланамын. Бензиннің қымбаттауына байланысты, біз де жол ақысын қымбаттаттық. Ал, қарапайым халық бензинді қымбаттатқан көлеңкелі саудаға емес, біздерге ренжиді.*

Елдана НҰРЫМОВА, Балпық би ауылының тұрғыны: – *Бензин қымбаттап кетіп еді. Балпық би ауылымен Талдықорған қаласының ортасында жүретін қоғамдық көлік бағасы 150 теңгеден 200 теңгеге бірақ көтерілді. Қалаға қатынап жұмыс істейтіндіктен, алатын еңбекақымның басым бөлігі жолмен кетіп қалады. Мүмкін елу теңге сіз үшін түк емес секілді шығар. Бірақ, теңге тиыннан құралатынын ескерілуі керек қой.*

Ел ішінде «арзандапты» деген сөзді есту арман болып бара жатқандай. Бүгін көрген баға ертең күні басқа бағаны нұсқап тұрады. Зардап шегетін қарапайым халықтың қалтасы. Қазірgi таңда індетпен бірге «қымбатшылық» дерті те елге оңай болмай отыр.

А.ӘСКЕРБЕК.

БӘРЕКЕЛДІ!

14-ШІ СӘБИІН ДҮНИЕГЕ ӘКЕЛДІ

Алматы облысы Кербұлақ ауданында алтын құрсақты «Батыр ана» Гүлнәз Жеңісбайқызы 14-ші сәбиін дүниеге әкелді. Отбасын бұл қуанышпен аудан әкімі Ғалиасқар Сарыбаев құттықтады. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Сәрсенбай Садуақасов пен Гүлназ Жеңісбайқызының шаңырақ көтергеніне 27 жыл болған. Бүгінде олар 10 қыз 4 ұл тәрбиелеп отыр, 3 немере көрді.

Кербұлақ аудандық әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, мектеп қабырғасындағы бес бала оқу құралдарымен, спорттық киіммен, мектеп формасымен толық қамтамасыз етілген, үшеуі балабақша жасында. Онлайн оқуларына қажетті ноутбук те мектептен берілген. Қызы Айжан спорттың ережесіз жекпе-жек түріне қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Отағасы машинист, механик, дәнекерлеуші сияқты кәсіптерді еркін меңгерген.

Бұл отбасыға 2019 жылы Сарыөзек ауылынан көп балалы санатымен тұрғын үй берілген болатын.

Жалпы Алматы облысында көп балалы отбасыларына қажетті көмек көрсету жолға қойылған. Өткен жылы 2 395 отбасына тұрғын үй берілсе, соның 1 258-і әлеуметтік әлжуаз және көп балалы отбасылар, бұл қатарда 180 отбасы меценаттардың қолдауымен үйлі болғанын да атап өту керек. Сол сияқты облыс орталығы Талдықорғанда көп балалы аналар жұмыс істейтін тігін цехын ашу қолға алынған. Қазіргі кезде цех орналасатын орын жөндеуден өткізіліп, дайындалу үстінде. Биылғы жылдың 1 сәуіріне атаулы әлеуметтік көмек 14761 отбасына 2 млрд. 103,9 млн. теңге көлемінде тағайындалған, оның ішінде аз қамтылған көп балалы отбасылар да бар.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

(Суретте: Садуақасовтар отбасының «Жетісу» телеарнасында хабарға түсу сәтінен. Сурет отбасы архивінен алынды.)

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ

ТОПЫРАҚТЫ ПАЙДАЛАНБАЙ ЖЕМШӨП ӨСІРУДЕ

Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, Алматы облысының 26 жасар тұрғыны Нұрас Тәлім гидропоника көмегімен жасыл жемшөп өсіре бастады. Гидропоника топырақты пайдаланбай, құрама жемге балама бола алатын экологиялық таза өсімдікті өсіру тәсілі.

Нұрас кәсібін мемлекеттік бағдарламаға қатысудың арқасында бастап отыр. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының мамандары жас кәсіпкерге идеясын іске асыру үшін «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері жобасы бойынша оқытудан өтіп, кейін мемлекеттік грант байқауына және жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасына қатысу мүмкіндігін ұсынды.

Кәсіпкер Талғар ауданының Қарабұлақ ауылында тұрады. Негізгі мамандығы - инженер-техник және автоэлектрик. Алайда, мамандығы бойынша ұзақ жұмыс істемеді. Себебі кәсібін ашып, өзіне жұмыс істеуге және қаржылай тәуелсіз болуға ұмтылды.

«Кәсіпкер болу мақсатым болды. Қоғамға бір пайдамды тигізіп, алға қойған армандарды орындағым келеді. «Бастау Бизнес» жобасына келіп, өзімнің арманыма бір қадам жасадым деп есептеймін. Міне, сондықтан да қиындығы мен қуанышы қатар кәсіпкерлік жолды таңдадым. Ұзақ уақыт бойы айналысатын бизнестің түрін зерттеп, гидропоника сияқты инновациялық бағытты таңдадым. Бұл сала біздің елімізде енді ғана дами бастады, әлеуеті жоғары», - дейді кәсіпкер.

Өткен жылы Нұрас «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша гранттар байқауына қатысты. Оның өсіп келе жатқан дәнді пайдаланып, гидропоникалық жасыл жемшөп өсіруді ұйымдастыру және оны түйіршіктеу жобасы инновациялық деп танылып, 2,5 млн.теңге көлемінде грант бөлінді.

Кәсіпкердің айтуынша, қаражатқа шағын жылыжай салып, гидропоникалық қондырғы, жабдықтар, дәндер сатып алынды. Қазір жылыжайда арпа, бидай және жүгерінің бірнеше түрі өсіріледі, сонымен қатар бидай өскіндерінен дәрумендер шырыны алынады. Шағын жылыжайдың айына бір тоннаға дейін жемшөп өсіруге қауқары бар. Шөп топырақсыз өсірілетіндіктен, қосымша салымды қажет етпейді. Тек жылыжайда әрқашан ерекше микроклимат сақталуы керек.

«Инновациялық жобамызға бірнеше ай ғана болды. 2020 жылдың соңынан бастап жұмыс істей бастадық. Қазір серіктестермен әріптестікті жолға қойып жатырмыз, бірқатар мүдделі сатып алушыларымыз бар. Жалпы, жасыл жемшөп малдың негізгі тамақтануына арналған жем қоспасы. Гидропоникада өсірілген жасыл жемде малға қажетті барлық қажетті қоректік заттар бар екендігі дәлелденген. Сондықтан пайдалы, әрі сіңімді ас болады. Ең бастысы, құрама жемге балама бола алатын экологиялық таза өнім», - деп атап өтті жас кәсіпкер.

Енді кәсіпкер өңірдегі ірі мал шаруашылығы кешендерімен ынтымақтастықты дамытпақшы. Сондай-ақ келесі жылы малға арналған түйіршіктелген жасыл жемшөп өндірісін ашуды жоспарлап отыр.

Ш. ХАМИТОВ.

БІЛІМ

Ағылшын тілін үйрену заман талабы

Әлем тілдері арасындағы көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығы мен сөздік құрамының молдығы жағынан ағылшын тілін ерекше атап өтуге болады. Ал осынау тілді оқушылардың емін-еркін меңгеріп, еркін сөйлеуі үшін біршама жүйелі жұмыс атқару – әрбір ұстаздың міндеті.

Оқушыларымыз ауызша сөйлеу арқылы бір-бірімен еркін қарым-қатынас орнатуы тиіс. Ағылшын тілінде сөйлеуді оқушыларға жылдам үйрету үшін оқыту әдісін үнемі пайдаланған жөн. Болашағынан мол үміт күткен жас өрендерді сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылғаны жақсы нәтиже беретіні анық. Монолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік-бағалау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Мектеп оқушыларына ағылшын тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап, өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін құрау арқылы ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру – ұстаз ретіндегі менің басты ұстанымым. Қазіргі таңда жаңа ақпараттық-технологиялар күн сайын жаңарып келе жатқандығы бізді біршама қуантады. Себебі, мультимедиалық, гипермәтіндік, желілік және коммуникациялық ақпараттық технологиялардың пайда болуы шоқушыларымызға шетел тілін еркін меңгеріу мен тиімді оқу үшін үлкен мүмкіндік тудырды.

Оқушы ағылшын тілін еркін меңгеріп, ауызша жоғары нәтижеде сөйлеуі үшін мәтінді іштей қайталап көп оқуға көңіл бөлу керек. Сонымен қатар оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шетел тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. Түрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады. Мысалы, белгілі бір мәтін бойынша жұмыс істеу үшін мына жаттығуларды қолдануды нәтижесі зор. Мысалы, мәтінді қатесіз, дауыс ырғағын сақтай отырып оқып, мазмұнын түсініп, тірек-сызба сөздері арқылы баяндау, мазмұнын түсінуі бойынша сурет салып, суреттеу әдіс-тәсілі оқушыға көп көмек береді.

Іздену, жаңа технологияларды меңгеру арқылы ертеңгі еліміздің тізгінін ұстайтын білімді де білікті тұлға тәрбиелеп шығарсам, менің айқын мақсатымның орындалғаны деп білемін. Себебі, бүгінгі жас өрен ертеңгі елдің болашағы.

А. ТҰҒАМБАЕВА,
Б. Сырттанұлы атындағы №25 орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі.

КӨЗҚАРАС

ҚАШЫҚТАН ОҚУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ – АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУ ФОРМАСЫ. АЛАЙДА БҰЛ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІНЕ АЛҒАШЫНДА ҰСТАЗДАР ДА, ОҚУШЫЛАР ДА ДАЙЫН БОЛҒАН ЖОҚ. ҚОҒАМҒА ТАҢСЫҚ ОҚУ ЖҮЙЕСІ ҚАНША ҚИЫНДЫҚ ТУҒЫЗСА ДА ҰСТАЗДАР МЕН ОҚУШЫЛАР ТІПТІ, АТА-АНАЛАР ДА БҰЛ ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢІП ШЫҒУЫ ҮШІН БАР КҮШ-ЖІГЕРІН АЯМАЙ ЖҰМСАДЫ.

Өзім биология пәні мұғалімі болғандықтан онлайн оқудан қарағанда дәстүрлі оқу жүйесі ұстазға да, оқушыға да ыңғайлы болды деп айта аламын. Себебі бұл пәнді оқыту үшін дәстүрлі оқу жүйесінде жақсы жабдықталған бөлме, тірі табиғат бұрышы, мектеп жанындағы оқу-тәжірибе алаңы болатын. Қашықтан оқу форматына ауысу біраз қиындық тудырғаны рас. Алайда оқушыларға жан-жақты, сапалы білім беру үшін біз барлық мүмкіндікті кеңінен пайдаландық. Жалпы, биология пәнінің оқыту әдістемесі психология пәнімен тығыз байланысты болғандықтан ең әуелі балаларды онлайн оқу түріне дайындап, түсіндіру жұмыстарын өткіздім. Әр сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты мінез-құлықтарын, ой-өрісін зерделей отырып, түсіндіру жұмыстарын жүйелі атқарғанның нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік.

Жас ұрпаққа сапалы білім беру үшін бірнеше білім платформалары мемлекет тарапынан ұсынылғанына қуаныштымын. Біз қашықтан оқытуда бірнеше платформаның көмегіне жүгінеміз. Біріншіден, ол – Kundelik.kz. Оқушылардың, балалардың және ата-аналардың басым көпшілігі бұл жүйені жақсы біледі. Екінші платформа – Bilimland.kz. Үшіншісі – Daryn.online және басқа жүйелер де бар. Бірақ, біз көбіне осы аталған платформаларды кеңінен қолданамыз. Бұл платформалар – онлайн-оқуды ұйымдастыруға арналмаған. Оларда дайын бейнесабақтар, мультимедиялық ресурстар орналасқан. Осы сабақтарды көру арқылы оқушылар жүйелі білім алу үстінде. Аталған интернет-платформалар барлық пәндер бойынша қажетті білімді алуға көп мүмкіндік тудыруда. Өз басым мектеп оқушыларына көбіне «ZOOM» қызметі арқылы сабақ өткіземін. Мемлекет тарапынан осындай қолдау білдіріп жатқанына шексіз ризамын.

Оқытудың тиімді болуы ұстаз шеберлігіне байланысты деп айтар едім. Әр мұғалім өз сабағына дұрыс мақсат қойып, тапсырмаларды оқушылардың деңгейіне қарай дұрыс таңдаса, сабақ қызықты өтеді. Дұрыс ұйымдастырылған сабақ әр уақытта өз тиімділігін береді.

Айдана ҚАБЫЛБЕКОВА,
Талдықорған қаласы,
№2 орта мектептің биология пәні мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

5 ВОПРОСОВ

ЕНПФ ОТВЕЧАЕТ НА АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

1) Здравствуйте, раньше я узнавал свои пенсионные накопления посредством получения писем в свой почтовый ящик, но уже несколько лет как я не живу по старому адресу. Как мне сейчас проверить свои накопления?

Для Вашего удобства в ЕНПФ доступны следующие способы получения информации о пенсионных накоплениях:

• в личном кабинете на сайте enpf.kz с использованием электронной цифровой подписи (ЭЦП) или логина пользователя и пароля, одноразового пароля;

• в мобильном приложении ЕНПФ с использованием ЭЦП или логина пользователя и пароля, одноразового пароля;

• через сервис cabinet.enpf.kz/porog с использованием ЭЦП или ИИН и одноразового пароля, который поступит через SMS на номер мобильного телефона, зарегистрированный в базе мобильных граждан mGov;

• на веб-портале «Электронного правительства для граждан» eGov.kz или через мобильное приложение eGovMobile;

• посредством направления вкладчиком выписки, сформированной на сайте enpf.kz, на адрес электронной почты, зарегистрированный в базе данных ЕНПФ;

• посредством регулярной рассылки выписки на адрес электронной почты, зарегистрированный в базе данных ЕНПФ, без дополнительного обращения вкладчика (получателя);

• посредством услуг почтовой связи (один раз в год в рамках ежегодного информирования на почтовый адрес, зарегистрированный в базе данных ЕНПФ);

• при личном обращении вкладчика (получателя) в любое региональное отделение ЕНПФ с документом, удостоверяющим личность.

Выбрать ближайшее отделение можно на карте на сайте ЕНПФ enpf.kz в разделе «Контакты» - «Региональная сеть», где также указаны график работы и контактные телефоны.

Кроме того, при возникновении вопросов вы можете обратиться в ЕНПФ, позвонив по бесплатному номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), а также консультации можно получить на корпоративном сайте www.enpf.kz, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники.

2) Добрый день! Я приобрёл автомобиль в кредит на 5 лет, осталось платить ещё два года, могу ли я выплатить оставшуюся сумму со своих пенсионных накоплений?

Согласно Закону Республики Казахстан от 02.01.2021г. № 399-VI «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления экономического роста» граждане имеют право использования части пенсионных накоплений для улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения, не входящего в гарантированный объём бесплатной медицинской помощи и обязательного социального медицинского страхования, а также для передачи в инвестиционное управление частным управляющим компаниям.

В соответствии с положениями статей 30, 31 и 32 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее – Закон) правом использования части своих пенсионных накоплений в целях улучшения жилищных условий в свою пользу или супруга (супруги), или близких родственников и (или) для оплаты лечения для себя или супруга (супруги), или близких родственников могут воспользоваться нижеследующие лица, имеющие в ЕНПФ пенсионные накопления, сформированные за счёт обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ):

1) сумма пенсионных накоплений которых превышает порог минимальной достаточности пенсионных накоплений.

При этом единовременная пенсионная выплата не может превышать сумму разницы между суммой пенсионных накоплений за счет ОПВ и (или) ОППВ вкладчика (получателя) и порога минимальной достаточности пенсионных накоплений, рассчитанного согласно Методике определения порога минимальной достаточности пенсионных накоплений, утвержденной Правительством Республики Казахстан, на дату получения электронного уведомления от уполномоченного оператора;

2) у которых размер пенсии, а для лиц, указанных в пункте 7 статьи 11 Закона, сумма пенсии и ежемесячного содержания обеспечивает коэффициент замещения среднемесячного дохода получателя на уровне не ниже 40 процентов, определяемого в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан. При расчете коэффициента замещения среднемесячного дохода учитывается доход получателя, предшествующий дате выхода на пенсию, но не более среднемесячного дохода по республике.

При этом единовременная пенсионная выплата не может превышать 50 процентов от размера пенсионных накоплений за счет ОПВ и (или) ОППВ вкладчика (получателя) на дату получения первичного электронного уведомления от уполномоченного оператора;

3) заключившие договор пенсионного аннуитета со страховой организацией.

При этом единовременная пенсионная выплата не может превышать размер пенсионных накоплений за счет ОПВ и (или) ОППВ на индивидуальных пенсионных счетах вкладчика (получателя).

Таким образом, пенсионные накопления могут быть использованы исключительно на цели и в порядке, установленные законодательством Республики Казахстан. При этом пенсионные накопления не могут быть использованы на оплату потребительских кредитов.

3) Добрый день! Я готовлюсь получить досрочно свои пенсионные накопления и меня интересует вопрос об уплате индивидуального подоходного налога. Буду ли я его оплачивать полностью сейчас? Как мне будут выплачивать оставшиеся накопления после выхода на пенсию? Имеются ли какие либо вычеты?

В целях определения порядка налогообложения сумм единовременных пенсионных выплат из ЕНПФ статьей 351-1 Налогового Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» предусмотрены особенности исчисления, удержания и уплаты ИПН (индивидуальный подоходный налог) с единовременных пенсионных выплат в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения, осуществляемых в соответствии с пенсионным законодательством Республики Казахстан.

При этом ИПН исчисляется путем применения ставок, установленных статьей 320 Налогового кодекса (в размере 10%), к сумме единовременной пенсионной выплаты.

Удержание и перечисление ИПН с сумм единовременных пенсионных выплат согласно пункту 2 статьи 351-1 Налогового кодекса производятся ЕНПФ в соответствии с заявлением физического лица об удержании ИПН по одному из следующих способов:

1) единовременно, не позднее дня осуществления единовременной пенсионной выплаты в порядке, предусмотренном статьей 351 Кодекса;

2) ежемесячно равными долями в течение не более шестнадцати лет по установленному ЕНПФ графику для пенсионных выплат.

Удержание ИПН производится на основании заявления об удержании ИПН, представленного физическим лицом налоговому агенту в лице ЕНПФ по форме, установленной уполномоченным органом по согласованию с уполномоченным органом в сфере пенсионного обеспечения.

Таким образом, при подаче физическим лицом заявления об удержании ИПН с единовременных пенсионных выплат согласно подпункту 2) пункта 2 статьи 351-1 Налогового кодекса удержание и перечисление ИПН будет осуществляться ЕНПФ при достижении пенсионного возраста по установленному ЕНПФ графику для пенсионных выплат.

Обращаем внимание, что статьей 351-1 Налогового кодекса, определяющей особенности исчисления, удержания и уплаты индивидуального подоходного налога с единовременной пенсионной выплаты, не предусмотрено предоставление налоговых вычетов. То есть налоговые вычеты из налогооблагаемой базы для исчисления ИПН не будут применяться только в части единовременных пенсионных выплат.

При выходе на пенсию в последующем за получателем сохраняется право на применение налоговых вычетов при пенсионных выплатах из ЕНПФ в порядке, установленном пунктом 3 статьи 353 Налогового кодекса.

Напомним, что обязательные пенсионные взносы (ОПВ) не облагаются индивидуальным подоходным налогом (ИПН), ИПН удерживается при получении пенсионных выплат. При этом применяются налоговые вычеты (суммы, которые вычитаются из налогооблагаемой базы, для расчета суммы удерживаемого налога).

Рассмотрим на цифрах. Например, выплата из ЕНПФ составляет 50 000 тенге, для расчета ИПН в качестве налогового вычета применяется один размер минимальной заработной платы (МЗП) - 42 500 тенге. В этом случае сумма, подлежащая обложению ИПН (или налогооблагаемая база), составит 7 500 тенге (50 000 тенге - 42 500 тенге = 7 500 тенге). Именно с этой суммы будет удерживаться ИПН в размере 10% или 750 тенге.

Таким образом, получателю будет переведена сумма в размере 49 250 тенге (50 000 тенге - 750 тенге = 49 250 тенге).

Если ранее получатель воспользовался правом на единовременную пенсионную выплату, к примеру, ранее изъял со своего индивидуального пенсионного счета 5 млн тенге с выплатой отложенного ИПН (в размере 10% или 500 тыс. тенге) в пенсионном возрасте, то пенсионная выплата такого получателя в пенсионном возрасте изменится следующим образом.

Сумма отложенного ИПН будет разделена на количество пенсионных выплат, но не более чем, на 192 выплаты (выплата отложенного ИПН осуществляется в течение периода, не превышающего 16-ти лет). 500 000 тенге / 192 выплаты = 2 604,16 тенге.

И получателю будет переведена сумма в размере 46 645,84 тенге (50 000 тенге - 750 тенге – 2 604,16 тенге = 46 645,84 тенге).

4) Наша мама официально не трудоустроена и зарабатывает тем, что продаёт шерстяные вещи собственного изготовления, но она переживает, что в будущем у неё будет маленькая пенсия, так как стаж работы ей не начисляется. Как можно решить эту проблему?

Ваша мама может производить оплату Единого совокупного платежа (ЕСП). Чтобы стать плательщиком ЕСП не надо регистрироваться в налоговых органах, а надо только уплатить установленную сумму единого совокупного платежа. Размер ежемесячного платежа ЕСП составляет 1 МРП (в 2021 году - 2 917 тг.) – для физических лиц, проживающих в городах республиканского значения, столице и областного значения, 0,5 МРП (в 2021 году - 1458,5 тг.) - для физических лиц, проживающих в других населённых пунктах. Оплата производится через банки второго уровня одной суммой на счет Государственной корпорации Правительство для Граждан. Для осуществления платежа открытие расчётного счета в банке не требуется. Сумма единого совокупного платежа распределяется Государственной Корпорацией в следующей пропорции: 10% - индивидуальный подоходный налог (ИПН), 20 % - социальные отчисления (СО), 30 % - обязательные пенсионный взносы (ОПВ), 40 % - отчисления на обязательное медицинское страхование (ОСМС). Для лиц, достигших пенсионного возраста, вся сумма платежа признается индивидуальным подоходным налогом, распределение на социальные платежи не производится.

Таким образом, ЕСП даёт право участвовать в накопительной пенсионной системе и получить пенсионную выплату в зависимости от стажа участия в системе и сложившихся накоплений. Это позволит вашей Маме получать базовую пенсию в зависимости от подтверждённого трудового стажа. Кроме того, после уплаты ЕСП она становится участником системы обязательного социального медицинского страхования и получит доступ к медицинским услугам, неограниченным по сумме и видам, с правом выбора медицинского учреждения, а также она сможет получить социальные выплаты в случаях утраты трудоспособности, потери работы и других предусмотренных законом случаях.

Также для обеспечения в будущем достойной пенсии и пополнения пенсионного счета Мамы Вы сами либо Мама самостоятельно может осуществлять добровольные пенсионные взносы. Вы сами определяете размер взноса и периодичность уплаты ДПВ, а также порядок получения пенсионных накоплений при наступлении права на выплату ДПВ. Для этого необходимо заключить договор с ЕНПФ и перечислять добровольные отчисления в ЕНПФ на банковские реквизиты, указанные в договоре. Для удобства на сайте ЕНПФ реализована услуга по открытию индивидуального пенсионного счета для учета ДПВ онлайн с помощью актуального ключа ЭЦП. Кроме того, уплачивать ДПВ возможно через банковские сервисы – приложение Kaspi.kz терминалы HalykBank. В итоге, ДПВ может стать отличной дополнительной выплатой к базовой пенсии для Вашей Мамы.

5. Здравствуйте! Я являюсь гражданином России, но с 1 февраля 2021 года временно проживаю и работаю в Казахстане, каким образом за меня должны уплачиваться пенсионные накопления?

Пенсионное обеспечение трудящихся государств-членов ЕЭАС и членов семьи регулируется законодательством государства постоянного проживания, а также в соответствии с отдельным международным договором между государствами-членами ЕАЭС. Таким международным договором является Соглашение о пенсионном обеспечении трудящихся государств - членов Евразийского экономического союза от 20 декабря 2019 года (далее – Соглашение), которое вступило в силу с 1 января 2021 года.

Основной целью Соглашения является формирование пенсионных прав трудящихся государств-членов ЕАЭС на тех же условиях и в том же порядке, что и граждан государства трудоустройства, то есть каждое государство-член ЕАЭС должно гарантировать гражданам других государств-членов ЕАЭС объем прав на пенсионное обеспечение, равный объему прав, предоставляемому своим гражданам на аналогичных условиях.

Следует отметить, что статьей 12 Соглашения, содержащей переходные положения, предусмотрено, что назначение и выплата пенсии осуществляются в следующем порядке:

• за стаж работы, приобретенный после вступления Соглашения в силу, пенсия назначается и выплачивается государством-членом ЕАЭС, на территории которого приобретен соответствующий стаж работы;

• за стаж работы, приобретенный до вступления Соглашения в силу, пенсия назначается и выплачивается в соответствии с законодательством государств-членов ЕАЭС и Соглашением о гарантиях прав граждан государств – участников Содружества Независимых Государств в области пенсионного обеспечения от 13 марта 1992 года, а для Республики Беларусь и Российской Федерации – Договором между Российской Федерацией и Республикой Беларусь о сотрудничестве в области социального обеспечения от 24 января 2006 года.

Таким образом, нормы Соглашения будут распространяться только на стаж работы, приобретенный трудящимся в период после вступления Соглашения в силу при условии официального трудоустройства с заключением трудового или гражданско-правового договора, обязательной уплатой пенсионных (страховых) взносов в пенсионную систему государства трудоустройства.

Вместе с тем, подпунктом 2.3 пункта 2 статьи 2 Соглашения установлено, что в Республике Казахстан Соглашение распространяется на пенсионные выплаты из ЕНПФ за счет сформированных пенсионных взносов:

1) по достижении пенсионного возраста;

2) при установлении инвалидности первой и второй групп, если инвалидность установлено бессрочно;

3) единовременная выплата наследникам.

Учитывая изложенное, информируем, что:

1. с января текущего года работодатель обязан при начислении дохода граждан стран ЕАЭС, осуществляющих трудовую деятельность в Казахстане на основании заключенного трудового или гражданско-правового договора без получения вида на жительство иностранца в Республике Казахстан, удерживать и перечислять пенсионные взносы (ОПВ и ОППВ) в ЕНПФ. При этом индивидуальный пенсионный счет (ИПС) для учета ОПВ будет открыт в ЕНПФ в автоматическом режиме при зачислении первичной суммы ОПВ, поступившей от работодателя, а для перечисления ОППВ необходимо вместе с работодателем подать в ЕНПФ заявление об открытии ИПС;

2. в случае расторжения трудового договора или гражданско-правового договора с работодателем право на пенсионные выплаты из ЕНПФ у указанных лиц возникнет только при наступлении условий, предусмотренных подпунктом 2.3 пункта 2 статьи 2 Соглашения.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРИХИ ДЕРЕК

РЕДАКЦИЯ ҚОРЖЫНЫНА ҚАЗАҚСТАНЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРІ, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ СӘБЕТБЕК ЕРКІНБАЙҰЛЫНЫҢ «ҚОНАЕВКА НЕГЕ СОҚТЫҒА БЕРЕМІЗ?» АТТЫ 30 БЕТТЕН АСАТЫН МАҚАЛАСЫ КЕЛІП ТҮСТІ. МАҚАЛА АВТОРЫ ЕЛУ ЖЫЛ ЕЛАҒАСЫ БОЛҒАН, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІНЕ ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСҚАН, БІРТУАР, ДАРА ТҰЛҒА ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ ТУРАЛЫ ҚАЛАМ ТЕРБЕГЕН ЖАЗУШЫ СӘБИТ ДОСАНОВТЫҢ «ЖИЫРМА БІРІНШІ ҒАСЫР» РОМАН ЭПОПЕЯСЫНДА « ҚОНАЕВТЫ МАНСАПҚОР, ТӘШЕНОВТІ БАТЫР», АҚЫН НЕСІПБЕК АЙТОВТЫҢ «ӨЛЕҢ ДЕГЕН ӨСЕКШІ ЖҰРТҚА ЖАЯР» АТТЫ ЖЫРЫНДА ДІНМҰХАМЕТ АХМЕТҰЛЫНА ТАҚҚАН АЙЫБЫН ЖУРНАЛИСТ ҚАЙЫМ – МҰНАР ТАБАЕВ ҚОНАЕВТЫҢ ТҰСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА 700-ДЕЙ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ ЖАБЫЛДЫ ДЕГЕНІ ЖАЙЫНДА АЙТЫЛҒАН СЫН-ПІКІРЛЕРІНЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ЗЕРТТЕУ САЛЫП, ӨЗІНІҢ АЗАМАТТЫҚ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРЕДІ. АВТОРДЫҢ МАҚАЛАСЫ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙТІНІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ОҚЫРМАНҒА ЖАРИЯЛАУДЫ ЖӨН КӨРДІК. ҚОС ТАРАП ҚАРСЫ ПІКІР БІЛДІРЕМІЗ ДЕСЕ, ОЛАРҒА ДА ҚҰБА-ҚҰП. ШЫНДЫҚТЫ ЕШКІМ ДЕ ШЫМҒА КӨМЕ АЛМАЙДЫ.

Біріңді қазақ, бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос.
Абай

ҚОНАЕВКА
НЕГЕ СОҚТЫҒА БЕРЕМІЗ?

Қайран тіл, қайран сөз...

Мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Қонаев 1993 жылы 22 тамызда өмірден өтті. Сол күннің ертеңіне Алматы қаласының барша тұрғындары оның табыттағы мәйітін Опера және балет театрынан шығарды. Кеңсайдағы қабырстанға жеткенше Калинин көшесінің екі жағына тізіліп тұрған қалың көпшілік ақыреттік сапарының жолына гүл шоқтарын тастады. Содан бері 27 жылдың жүзі болды. Жыл сайын ол өмірге келген және бақилыққа аттанған күндері Алматы қаласының тұрғындары, сондай-ақ алыс-жақын шетелдерден келгендер ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етуде. Халық мұндай құрметті жүректерінен орын алған аяулы жандарға ғана жасайды.

Дінмұхамед Қонаевтың елге, ұлтқа сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол жайында ақпарат құралдарында аз жазылған жоқ, әлі де жазыла берері анық. Өкінішке қарай көзден тайса жақынын да жамандап, күстәналайтын қанымызға сіңіп кеткен әлеуметтік аурудан арыла алмай-ақ қойдық. Немесе астары басқаша мән беретін сыпайы сөйлегендей боламыз. Соңғы жылдары тырнақ астынан кір іздеп, Қонаевты қаралайтын мақалалар да баспасөз беттерінен тағы да қылаң беріп, көріне бастады. Енді ұзын сөздің қысқасына қарай ауысып, өткен жылдарда ол туралы жарияланған мақалаларға ден қойып көрейік.

Жазушы Сәбит Досанов «Жиырмасыншы ғасыр» роман-эпопеясының жалғасы «Жиырма бірінші ғасыр» атты жаңа роман-эпопеясының бірінші кітабын жазып, оның «Тәшенов пен Хрущев» деп аталған үзіндісін 2020 жылы 9 шілдеде «Жас Алаш» газетіне жариялады. «Теңіздің қасиеті тамшысынан білінеді». Енді романның үзіндісіне көз жүгіртейік.

«...Жұмабектің Мәскеудегі Қазақстан елшілігінің қонақүйінің люкс бөлмесіне кіргені сол еді, сол қанаттағы қара телефон қақсап қоя берді» деп басталған. Демек Тәшенов пен Хрущевтің кездесуі Кремльде болғанын меңзейді.

– Ақылдасатын мәселе бар, – деді Хрущев жайраңдай сөйлеп. – Қазақстанның бес облысын Ресейге қоссақ деп отырмыз.

– Не үшін?

– Қазақстанның жері кең. Бір республикаға оны игеру ауыр болады.

Жұмыстарыңды біраз жеңілдетсек дейміз.

– Жер көлемінің көптігі жұмысқа кедергі келтірмейді.

Хрущев қып-қысқа, жұп-жуан бас бармағымен стол үстіндегі қоңыраудың түймесін басты. Ішке Шевченко кірді.

– Қонаев кірсін.

Қонаев Тәшеновтің жанына отырды.

– Қазақстанның бес облысын Ресейге қосу жайлы Қонаев жолдаспен келістік. Обком секретарлары да қолдап отыр. Сіздің пікіріңізді білсек деп едік.

Тәшеновтің ақшыл жүзі күреңітіп, Хрущевқа суық жүзбен сұстана қарады.

...– Ойланып қалдыңыз ғой, біз сіздің пікіріңізді күтіп отырмыз, Жұмабек Ахметович, – деді Хрущев көзін сығырайтып, Тәшеновке сынай қарап.

– Ойланатын түк те жоқ, Никита Сергеевич. Бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне үзілді-кесілді қарсымын.

– Саяси Бюроның шешіміне қарсы шығатын сен кімсің? Әрі-беріден соң, бұл

мәселені Қазақстанның келісімінсіз-ақ шешеміз. Совет Одағы тұтас бір мемлекет, қай жерді қай республиканың меншігіне беру СССР Жоғарғы Кеңесінің құзырында, – деді Хрущев Тәшеновті ала көзімен атып.

– Жоғарғы Кеңес жер мәселесін одақтас республикалардың келісімінсіз шеше беретін болса, КСРО-ның және республикалардың Конституциясын жоюы керек. Конституцияда әр республика өзінің тарихи жерін өз меншігім деп пайдалануға правосы бар деп, тайға таңба басқандай анық жазылған. Никита Сергеевич, алда-жалда сіз заңмен санаспасаңыз, біз халықаралық органдарға, тіпті Біріккен Ұлттар Ұйымына шағымданамыз.

– Бұл мәселеге кейін қайта ораламыз. Енді бос сөзді қойып, әркім өз жұмысымен айналысссын. Боссыңдар! – деп орнынан тұрды Хрущев».

Күйдің ырғағын келтіре алмаған біреу: «Домбырам не дейді, мен не деймін?» деген екен. Сол айтпақшы Досанов не дейді, тарихи дерек не дейді? Қазақстанда тың игеру 1954 жылы ерте көктемде басталды. Оған бес облыстың жері кірді. Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау және Ақмола. 1960 жылы наурыз айында Никита Хрущев кезекті рет Қазақстанға іс-сапармен келіп, 13 күн бірнеше облыстарды аралап, халық шаруашылығымен танысты. Ол сол кезде тыңның бес облысын Ресейге қосу жөнінде ұсыныс жасамаған. Тек күзде Қонаев халық шаруашылығын басқаруды тиімді ету үшін Қостанай облысына қарасты жерден жаңадан Торғай облысын құруды ұсынғанда Хрущев оны қабылдамаған. Арада біраз күн өткен соң Хрущев телефон шалып, өзінің тың облыстары жөнінде бюроны таратып, оның орнына Тың өлкесін құруға шешім қабылдағанын жеткізген.

«...Мен одан:

– Ол өлке екі жақты бағыныштылықта бола ма? – деп сұрадым.

Хрущев қоштап жауап берді.

– Бұл түбірімен қате, Никита Сергеевич, біз жерді не үшін кесіп-пішіп жатырмыз?

– Сіз жете түсінбеген сияқтысыз, – деп сөз артын сиырқұйымшақтатып жіберді. Телефонның үні өшті».

(Дінмұхамед Қонаев. «Ақиқаттан аттауға болмайды». Алматы «Санат»



баспасы. 1994 жыл. 245 б).

Хрущев пен Қонаев арасындағы ең басты келіспеушілік осыдан басталған. Қонаевтың қарсылығын Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшенов те қолдайды. Бірақ «Күштінің арты диірмен тартады» деген бар емес пе? Хрущев белден басып, Тың өлкесін құрып, өз дегеніне жетті.

«Убедить Хрущева о нецелесообразности создания Целинного края, кроме Кунаева, пытался и Председатель Совета Министров Казахской ССР Ташенов Жумабек Ахмедович. Однако, события того времени показывают, что Хрущев был непреклонен. 26 декабря 1960 года по инициативе Н.С. Хрущева, Верховный Совет Казахской ССР принимает Постановление о создании Целинного края. «Казахстанская правда» от 27 января 1961 года первая полоса посвящена образованию Целеного края с отдельной картой обозначения ее территории на севере республики» (Д.А.Кунаев (официальный сайт) 1960-1962 гг. Первый секретарь ЦК КП Казахской ССР. «Разногласия с Хрущевым и отставка» 18. 08. 19 г.).

Республикалық «Социалистік Қазақстан» газеті де 27 желтоқсан 1960 жылы бірінші бетіне бұл жаңалықтың ресми құжатын жариялап, астына Тың өлкесінің сызба картасын қосып берген.

«Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы.

Қазақ ССР құрамында Тың өлкесін құру туралы

Республиканың солтүстік облыстарында шаруашылық және мәдениет құрылысын басқаруды онан әрі жақсарту және олардың орасан зор ресурстарын неғұрлым толық пайдалану мақсатымен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Қазақ ССР құрамында Тың өлкесі құрылып, Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының жері осы өлкеге енгізілсін, өлкенің әкімшілік орталығы Ақмола қаласында болсын.

2. Ақмола облысы тататылып, оның аудандары тікелей Тың өлкесінің қарамағына берілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателінің орынбасары К. Крюкова.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары үшін С.Мұқанов

Алматы. 26 декабрь 1960 жыл».

Газет сол бетіне Тың өлкесі нендей мақсатпен құрылғаны жөнінде Үкіметтің түсіндірме мақаласын жариялапты. Онда «...Маңғаз далаға – Арқа төсіне алғашқы борозда тартылғалы жеті-ақ жыл өтті. Бұл мерзім біздің өсу жолдарымыздағы бір-ақ қадам сияқты. Сол бір қадамның жемісі қанша! Жиырма бес миллион гектар! Екінші сөзбен айтсақ, Батыстағы Италия, Франция, Бельгия сияқты неше мемлекет тұтас сиып кетерліктей кең өңірді аз уақытта егінжайға, миуалы бауға, сән-сәулетті поселкелерге айналдырдық. Біздің қуат-күшіміз, біздің жасампаз ісіміз осындай. Мұндай ерен табысқа

достарымыз қуанады, құттықтайды, дұшпандар күйінеді, – дей келіп. – ...Міне, бүгін ту көтеріп, отау тігер өлкеміз – сауырлы тыңның нағыз орталығы. Сондықтан да ол Қазақ ССР құрамына кіретін Тың өлке деп аталады», – деп қалың қара бояумен анық жазылған.

Түсіндірме мәтінінде Тың өлкесінің екі жақты бағыныштылығы жайында сөз жоқ. Шамасы Дінмұхамед Қонаевтың қарсылығынан кейін Хрущев өз пікірін өзгерткен болуы керек.

КОКП ОК-нің Бірінші хатшысы Хрущевтің өлке құрылған бойда оны Ресейдің құрамына қосу жөнінде сөз айтуы мүмкін емес. Қонаев 1960 жылы 20-23 желтоқсан аралығында өткен КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы кезінде Хрущевтің Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Тәшеновті үстінен түскен арыздарға байланысты орнынан алу туралы пәрмен береді. Тәшеновтің тағдыры сол күннен бастап шешілген. Демек сессия Тың өлкесі құрылғаннан бірнеше күн бұрын болған.

Тың өлкесін құру бар да, Тың өлкесін Ресейге қосу бар. Екеуі екі басқа мәселе. Ал тарихи құжатта тек Тың өлкесін Қазақ КСР құрамында құру жөнінде тайға таңба

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

басқандай етіп көрсетілген. Оны Ресейге қосу жөнінде ештеңе айтылмаған. Өйткені Хрущев Тың өлкесі құрылмай жатып, оны қалай Ресейге қосу туралы мәселе көтереді? Ия алғашқыда оны екі жақты бағыныштылықта болатындығы жөнінде сөз қозғағаны Қонаевтың естелігінде бар. Хрущевтің Тың өлкесі екі жақты бағыныштылықта болатын ұсынысын Қазақстан Компартиясы ОК-нің салалық хатшысы И.Юсупов, Тың облыстары жөніндегі бюро бастығы Т.И.Соколов, Қарағанды обкомының бірінші хатшысы М.С.Соломенцев қолдаған. «Хрущев айтты, бітті. Көп кешікпей тың облыстары Ресейге қосылады», – деген дақпыртты таратып, әуейіленіп жүрген де солар. Хрущевтің екіжақты бағыныштылықта болуы керек деген ұсынысымен Қонаев мүлдем келіспеген. Тәшенов оны қолдаған. Егер Хрущев сол кезде құрылатын Тың өлкесін Ресейдің құрамына қосу жөнінде ақи-тақи мәселе қойған болса, Қонаев оны естелігінде жасырып қалмас еді. Демек қосу жөнінде еш сөз болмаған. Бірақ Хрущев Қонаев пен Тәшеновтің ондай Тың өлкесін құруға келіспейтінін білген соң екіжақты басшылықты ұстанған райынан қайтқаны анық. Бар шындық осы.

Сонда Сәбит Досанов шығармасында Тәшеновтің бес облысты Ресейге қосу жөніндегі пікірін сұраған Хрущевқа қарсы шыққанын қайдан алды? Тарихшы Кәрішал Асан-Атаның «Шынжырда өткен жолбарыс» кітабынан ба? Жоғарыдағы тарихи деректерге қарасақ Кәрішал Хрущевтің тың өлкесін Ресейге қосу туралы, оған Тәшеновтің сес көрсетіп, қарсы болғаны жөнінде жазғаны еш шындыққа келмейді. Ойдан құрастырылған. Басқалай айту мүмкін емес. Абайша айтсақ «Қайран тіл, қайран сөз...». Орынсыз, жөн-жосықсыз айтылса қадірі қайдан болсын. Ол бөлкім Тәшеновтің Тың өлкесін құруға қарсы болған Қонаевты қолдағанын өзінше өңін айналдырып, «Өлкені Ресейге қосуға қарсы болған» деп өтірігін өсіріп жазған болар. Ол солай тек Сәбит Досановты ғана емес соған алғаусыз сеніп, өсегін жалаулатқан көптеген ғалымдарды да алдаған. Сол ғалымдардың Тәшеновтің қайраткерлігі туралы Астанада өткен ғылыми-практикалық конференцияда осы мәселенің анығына қалай жетпегеніне тағы қайран қалмасыңа шара жоқ. Шындық біреу. Одан қашып құтыла алмайсың. Сонда Жұмабек Тәшенов қызметінен не үшін босатылды? Жоғарыдағы құжаттарға ден қойсақ, бес облысты Ресейге қосуға қарсы болған жалған, ұшпа дақпырт үшін емес, Мәскеуге үстінен түскен арыздарға байланысты 1961 жылы қаңтар айында орнынан алынғанға саяды.

Хрущев кім?.. Қандай адам?..

Ол әлемге әйгілі тиран Сталиннің көзін жоюды ұйымдастырғандардың бірі әрі негізгісі. Өзіне бәсекелес болған Берияндай жендеттің ісін сотқа жеткізбей атқызған. КОКП-ның ХХ съезінде Орталық Комитет Президиумы мүшелерінің қарсылықтарына қарамай Сталиндік жеке басқа табынушылықты әшкерелеген. 1957 жылы маусымда Саяси бюро мүшелері В.Молотов, Л.Каганович, А.Маленков кезінде Хрущевті өрескел қателіктері үшін қызметінен босатпақ болғанда, оларды «партияға қарсы топ» деп айыптап, бірінен соң бірін орындарынан тайдырып, бастарын әлекке салған. Тағдыры талқыға түскен қиын шақта өзіне араша түсіп, аман алып қалған, аузын айға білеген маршал Г.Жуковты да қыбын тауып, қаңғытып жіберген.

1959 жылы Америка Президенті Дуайт Эйзенхауэр: «Никита Сергеевич, мен негізінде әскери адаммын. Өмірімнің көп бөлігі соғыспен өтті. Бірақ соғыстан қорқамын», – дегенде Хрущев мысқылдап, кеңк-кеңк күлген. Онысы қорыққан бұғып қал дегені ғой.

1960 жылы 23 қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының сессиясында мінберден жұдырығын сермеп, жұлқына сөйлегенін әлем халқы ғаламтордағы деректі фильмнен көруде. Тәртіпке шақырып, ескерту жасаған Ұйымның Бас хатшысы Дагом Хамершельге құлақ аспай, капиталистік елдер өкілдеріне шамданғаны соншалық аяғындағы «башмағын» шешіп алып, столды тарсылдата ұрғылап, «Я вам покажу кузькину мать!» деп жер тепсініп, айқай-шу шығарып, қоқан-лоққы жасағанын қайтерсің. Залдағылар «Мынандай жындысүрей КСРО-дай алып елді қалай басқарып отыр?» деп жағаларын ұстаса керек. Оның сол өрескел ісі үшін Кеңестер Одағы БҰҰ-на үлкен көлемде айыппұл төлеген. Ал Кәрішал мен Досанов Тың өлкесін Ресейге қосатын болса, БҰҰ-на шағымданатынын айтады.

Нью-Йорк қаласының мәрі қонақасында Хрущевтің Мәскеудегі жиында Американы аузына алып, «Мы вас похороним!» деп айтқанын есіне салғанда әзілді көтере алмай, жоқ жерден ашуға ерік беріп, айқайға басып, делегациясын ертіп залдан шығып кеткені тағы бар.

1961 жылы Кариб дағдарысында Куба революциясын қорғау үшін Хрущев жасырын түрде атом зымырандарын орнатқанын көрген Америка Президенті Джон Кеннеди: «Хрущев үшінші дүниежүзілік соғысты бастаудан тайынбайтын нақұрыстың нақ өзі екен. Онымен келісімге келмесек болмайды», – деп Бостандық аралын басып алуға жіберген қарулы күштерін елу мильдей жер қалғанда кейін қайтаруға мәжбүр болған. Хрущев онымен келіссөзге Анастас Микоянды жіберіп, өз шартын қояды. «Біріншіден, Американың әскери күші Кубаға баса-көктеп кірмейтін болсын. Екіншіден, Түркияға НАТО-ның атом қаруын орналастырмаған жағдайда ғана Кубадан 1,5 және 3 мың шақырымдық қашықтыққа арналған зымырандарды алып кетеміз». Кеннедидің бұл шартты қабылдап, келісімге келуден басқа амалы

қалмаған.

Ешкімнен беті қайтпаған әпербақан Хрущевті Кәрішал Асан-Атаның жазбасы мен Сәбит Досановтың романында Тәшенов қана тәубесіне түсіріп, қалпағын қайырып жіберген екен. Сіз осыған сенесіз бе?.. Басқа көзі қарақты жандар ше?.. Бәрі солай ойлай ма?.. Әй, қайдам!.. Қазақ «Батырға да жан керек» дейді ғой.

Мен жазушы емеспін. Бірақ Одаққа танымал саяси тұлғалар туралы қазақша-орысша жазылған кітаптарға қызығушылығым бар. Кейбірін қайталап оқимын және мен секілдіер аз емес. Содан кім-кімнің де туындыға өзіндік ойы қалыптасады.

«Әсіре қызыл тез оңалар». Досанов шығармасында Хрущев пен Тәшеновтің диалог арқылы көркемдік бейне-болмыстарын беруге тырысқаны соншалық тым ұшқары сезіммен әсірелеп жіберген көзі қарақты жанға байқау аса қиын емес. Бір қараған жанға екеуінің диалогы жатық құрылған секілді. Қарапайым оқырманның еш алғаусыз сенетіні кәміл. Алайда көркем дүние деп әуе жайылып, шындық аясынан шығандап кетуге мүлде болмайды. Ойлы оқырманның көңіліне бірден күмән келтіретін жерлері көзге ұрып-ақ тұр.

Шығармада Хрущевтің екеуін екі бөлек қабылдағаны біртүрлі көкейге қонымсыз. Неге ол қызметі жағынан төмен Тәшеновті бірінші, ал қызметі одан жоғары Қонаевты екінші етіп қабылдаған? Қонаевты қабылдау бөлмесінде күткізіп қойғаны қалай? Хрущевтің қызметтік этиканы білмегені ме? Білгенде қандай! Бірақ автор әдептен озып, Хрущев басты қарсыласын Қонаев емес, Тәшеновті санайтынын көпе-көрінеу әдейі көрсеткен. Қолында тұрғанда неге солай қоныштан баспасқа.

Хрущев айтқандай егер республиканың бірінші басшысы Қонаев пен обком секретарлары келісім берсе, онда мәселенің Тәшеновсіз де шешілгені ғой. Логика қайда? Бұл шындықпен үш қайнаса да сорпасы қосылмайды. Тіптен құлаққа да, санаға да кірмейді. Қонаев бақандай бес облысты Ресейге беруге келісіп, оңай шағыла салатын жаңғақ емес. Бұл қоспа-беспе сөз. Өйткені ондай тарихи дерек ешқандай мұрағатта жоқ. Досанов өзін-өзі алдап, диалогты қолдан жасап отыр.

Әдебиетке адалдық деген болмаушы ма еді? Оның үстіне кісінің етінен ет кесіп алатындай жер мәселесінде Қонаевтың үндемей қалмасы тағы анық. Автор оны келіскенге келтіріп, екеуінің диалог тартысынан тыс, үнсіз қалдырғаны қалай? Жазушы Қонаевтың образын көпе-көрінеу төмендеткеннен не ұтты? Ештеңе! Тек бірнеше мыңдаған оқырманын алдады. Ал Қонаевтың жанына ұзақ жылдар бойына серік болған әрі сырлас досындай Одаққа белгілі ақын-жазушы Олжас Сүлейменов Хрущевтің «Қонаев жолдас келісті» дегеніне сене қояр ма екен?..

Диалогта Хрущев: «Саяси Бюроның шешіміне қарсы шығатын сен кімсің?», – деп Тәшеновке шүйліккен. Мұның да ақиқатқа қисыны келмейді. Егер Саяси Бюро белден басып шешім шығарса, бар іс бітті дей беріңіз. Империялық билікке Қонаевтың да, Тәшеновтің де пікірлерінің қажеті бола қоймас.

Енді Қонаев пен Тәшеновтің КСРО Компартиясы ОК Бірінші хатшысы Хрущевтің сол қабылдауынан шыққаннан кейінгі өзара диалогына да көңіл қояйық.

« – Ой, Жұмеке-ай, жүрек жұтқан көзсіз батырсың ғой. Жарты әлемге әмірін жүргізіп тұрған Хрущевқа қарсы шығу аузы алты қарыс арыстанмен қарусыз құр қолмен айқасумен бірдей ғой. Жанған отқа жап-жалаңаш қорықпай қалай түстің?

– Жүрек жұтқан батырсың деген сөзіңмен келіссем де, көзсіз батырсың деген сөзіңді қабылдай алмаймын. Көзсіз батырлық – барып тұрған ақымақтық, жүрек жұтқандық – ерлік. Екеуінің айырмасы жер мен көктей.

– Сіздің шалт қимылды шешімдеріңізге, тіпті Саяси Бюро келісіміне де келіспеген батырлығыңызға тәнтімін.

– Батыр болып атымды шығарайын деген ойым жоқ. Халқым үшін ажал мен тозаққа да дайынмын.

– Өте жақсы айттыңыз, Жұмабек Ахметович. Сіздің аргументті айтқан дәлелді сөзіңізге жауап қайтара алмаған Хрущев беті қызарып, көзі аларып жан-жағына жалтақ-жалтақ қарай берді ғой. Айтудай-ақ айттыңыз ғой.

– Айтсаң бел кетеді, айтпасаң ел кетеді. Ел кеткенше бел кетсін дедім.

– Ана жолы бес облысқа әмірін жүргізіп, республика басшыларының сөзін құлағына қыстырмаған тың өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Соколовқа: «Республика басшыларымен санаспасаңыз, жиырма төрт сағаттың ішінде, Қазақстаннан қуып жіберемін» дегеніңіз де батырлық еді.

Бүгін ештеңеден жасқанбай, Саяси Бюроның сөзінен де қаймықпай, Хрущевқа айтқан сөзіңіз тіптен жөні бөлек, жолы басқа ерлік болды. Хрущев ерте ме, кеш пе, жер мәселесіне қайта оралады. Енді не істейсің, стратегиялық мақсат үшін тактикалық шегініс жасайсың ба?

– «Айтылған сөз – атылған оқ», «Еркектің екі сөйлегені – өлгені», «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген қазақпыз. Екі сөйлеп тірідей өлер жайым жоқ. Атамекен жер үшін, бізге сенген ел үшін ақырына дейін аянбай айқасамын Хрущевпен!

– Мен жоғары дәрежелі қызметіме байланысты қарсы сөйлей алмадым Хрущевқа. Сіз өте жақсы айттыңыз.

– Сіздің үйдей пәледен үндемей құтылғаныңыз дұрыс болды. Екеуміз бірдей құрбан болсақ, сіздің орныңызға бір келімсек шовинисті әкеп отырғызады ғой.

...Жер мәселесінде Хрущевқа қарсы келген Тәшенов елге оралған соң, Қазақстан үкіметі басшысының қызметінен босап, бес ай жұмыссыз отырды. Сосын Оңтүстік Қазақстан облысы атқару комитетінің қатардағы орынбасары қызметіне тағайындалды».

Автор қарапайым оқырмандарды «Қонаевты мансапқор», «Тәшеновті батыр» етіп көрсеткен осы жасанды диалогімен сендіріп, тағы да алдай салмақ. Диалогта Қонаев «жүрек жұтқан көзсіз батырсың-ау» деп таңданып, Тәшенов «халқым үшін ажал мен тозаққа да дайынмын» деп ерлеңіп-ақ тұр екен. Шынымен-ақ солай болғаны ма? Ал қандай да бір жайға талғаммен, сын көзбен қарайтын жандар ше? Досановтың ойдан шығарған диалогына сеніп, таңданып, тамсана қояр ма екен... Қалай десек те таразының күмәнді жағы баса береді. Өйткені жоғары дәрежелі үлкен тұлғалардың диалогы тым жеңіл ойға құралған. Ақыл зерделері әлі орнықпаған екі боз баланың бірін-бірі қолпаштағаны секілді. Қонаевтың аузына: «Енді не істейсің, стратегиялық мақсат үшін тактикалық шегініс жасайсың ба?», – деген сөз салады. Қонаев кім?.. Тәшенов кім?.. Бірінші басшының өзінен төменгі қызметкерге жалтақтайтын жайы бар ма еді. Жер мәселесі талқыға түсіп жатқан кезде Қонаев бұғып қалған екен де, Тәшенов жалаң қолымен арыстанға қарсы атылыпты. Қорқақты да, батырды да, қолдан жасау Досановқа түкке тұрмағаны ғой. Тарихшы Кәрішалдың жалған сөзіне малданған Досанов, қатты алданып қалған секілді. Диалогта ойға қайшы келетін сөз тіркестері де бар.

Арзан сөз мемлекет басшыларының салмағын жеңілдетіп жібереді. Роман үзіндісінен соны байқайсың. Шын мәнінде олар жағдайға байланысты өз ойларын кейде астарлап, кейде емеурін танытумен, кейде парасатты ой тілімен жеткізген. Ал мына диалогта жасандылық басым, жасыратыны жоқ, көкейге қонымсыз. Ел басқарған тұлғалардың айтты деуге келмейтін жел сөздермен романның парқын тым төмендетіп жіберген. Роман деп айтуға аузың бармайды. Оның үстіне біреуге көпшік қоятын жеңіл сөз Қонаевтың табиғатына жат. Бұған ол туралы ұзақ жылдар бойына қызметтес болған Бәйкен Әшімов, Сұлтан Жиенбаев, Олжас Сүлейменов және Серікболсын Әбділдин секілді біртуар ел таныған азаматтардың және бүгінде тәлімін алған көзі бар жандардың жазған естеліктері дәлел.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев:

«...Дүниеден өткеніне күні кеше ғана бір жыл толған, елі-жұрты атап ас беріп, арнаулы Жарлығымен есімін мәңгілендіру шаралары жасалған, тұрлаулы тарихтың құшағына аттанып кеткен марқұм Димекеңнің – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың да сол тізімнің төрінен орын алары дау тудырмайды. Кемшіліксіз адам жоқ. Жұмыр басты пенде болған соң әртүрлі нәрсе болады. Димекең – өз заманының перзенті болған ірі тұлға. Ол кісінің артықшылығын да, кемшілігін де біз сол өз заманынан бөле-жара қарауға қақымыз жоқ. Қонаев есімі Қазақстан халқымен бірге жасары анық, ақиқат. Ол кісі – бәрімізге ұстаз болған ұлы адам». («Елбасы» «Ана тілі» баспасы, 1996 жыл 368 бет).

Бұрынғы Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов: «...Димаш Ахметұлы – өз халқының болашағы үшін көп еңбек сіңірген адал ұлы. Мен құрметтейтін тағы бір қасиеті – ол кісі үлкенге де, кішіге де бірдей жан. Біреуді қатты жақсы көретінін де, тіпті, қатты жек көрсе де білдірмейтін, сырбаз мінезді, салиқалы, салмақты, артық мінез-құлық көрсетпейтін бірқалыпты, біртоға адам болатын». – дейді. («Ұлтымыздың мақтанышы». «Елу жыл ел ағасы» «Санат» 2002 жыл 15 б).

Жалғасы келесі санда.

Сәбетбек ЕРКІНБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, Алматы облысының Құрметті азаматы.

Дүйсенбі - Понедельник, 12 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00 02.35 Әнұран
06.05, 02.05 Д/ф «Қазба қазыналары»
06.30, 02.25 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
11.00, 19. 00 Т/х «АСАУ ТОЛҚЫН»
12.00, 21.30 «МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР»
13.00, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
14.00«Теледәрігер»
15.00 «Apтa»
15.50 «Ғарышты бағындырған тарлан»
17.20 «Айналайын»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 «Тәуіп Хо Жун»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Ду-думан»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 01.15 «Әсем әуен»
10.15, 21.30 Тұсаукесер «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕВТЕР-2»
13.15, 23.30 Т/х «ЕГІЗ ЖҮРЕК»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «ТОТ, КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ (МЕНТАЛИСТ)»
18.00 «Мегахит»
20.00Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт»
21.00 Итоги дня
01.30 «Көрімдік»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00 «Үздік әзілдер»
08.00,14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.10 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.10 Т/с «Қызым»
12.30,23.20 Т/х «АЙДАҺАРЛАР ШАЙҚАСЫ»
14.00 «Өмір дастан»
14.50, «Интерны»
15.30 ДЕРЕКТІ ДРАМА
16.20 «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/Х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
00.30 «Қош келдіңіз»
02.10 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.55 «KazNet»
04.00 «АЛМАСАЙ»
04.45 «БІЗДІҢ АУЫЛ»
05.15 «Отбасы»
05.40 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00, «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН»
06.40, 04.00 «Той заказ»
07.10, 03.20 «ТОЙ БАЗАР»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30 02.50 «Басты жаңалықтар»
19.00 « УГРЮМ РЕКА»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ»
00.30 «МЕТОД»
01.20 «Мастер охоты на единорога»
02.05 «П@утина»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «КТК» қоржынынан»
07.30,03.50 «Мәссаған.KZ»
08.15 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
08.50, «Жимаудың жетістігі», т/х
09.40 «Иная реальность» (повтор)
10.20 «Новый муж»
14.00 «Изморозь»
16.00,01.30 «МОСТ»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.20 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Хорошая жена»
23.40 Т/с «Лесник. Своя земля»
02.20 Астарлы ақиқат
03.05 «Той Best»
04.05 «Жимаудың жетістігі»
04.50,05.20 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Спорт»
17.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 5-серия
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 1001 анекдот
06.10 «Армагеддон»
07.10 «Неге?»
08.40 «РОБОТЫ»
11.00 Т/х «Ананди»
12.30 «Өмір өзен»
14.30 «Между мирами»
16.30 «ТАКСИ»
17.00 «Кел, татуласайық»
20.00 Информбюро
00.50 «Драйвер на ночь»
02.20 «Кел, татуласайық!»
04.20 РИАМЫН
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, «Қуырдақ»
06.50,04.30 «Айна-online»
07.30, 15.30, 02.30 «Q-елі»
08.00, 03.30 «Ата-ана, балашаға»
09.00 Т/с «Ноты любви»
13.00, 22.00 «СЕРТ ПЕН СЕЗІМ»
15.00 «ЯПЫРАЙ»
16.00, 01.45 «ПСИХОЛОГИНИ»
17.00 01.00 Т/с «Крепостная»
18.30, 00.00 «ДУРНАЯ КРОВЬ»
19.00 «Скорая помощь»
21.00 «Өсекшілер»
21.30 «Тойхана»
05.10 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 13 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Қазба қазына»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
11.00, 19.00 Т/х «Асау толқын»
12.00,21.30 Т/х «Махаббат,қызық мол жылдар»
13.15 «Қызық екен...»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жүзден жүйрек»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Жан жалуы»
17.20 Т/х «Айналайын»
20.35 «Ashyq alan». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 Футбол.УЕФА Чемпиондар лигасы.1/4 финал.
02.55 «Ashyq alan».

ХАБАР

06.00 ҚР Әнұраны
06.03 «Ду-думан»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х « Пәленшеевтер-2»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Т/х «Тот, кто читает мысли (Менталист)»
18.00 «Неуловимые»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
21.00 Итоги дня
21.30 «Қолда я жолда»
23.30 «Егіз жүрек»
01.00 «Індетпен күрескен Қазақстан»
01.15 «Әсем әуен»
02.00 ҚР Әнұраны

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,03.05 «Үздік әзілдер»
03.30 «Союзмультфильм»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасы»
14.00 Д/ф«Эпоха достижений»
14.50Т/с «Интерны»
15.30 Деректі фильм
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Жалғыз жауқазын»
06.40,04.00 «Той заказ»
07.10,03.20 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.50 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Угрюм-река»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Сериал «Первый отдел»
00.30 «Метод»
01.20 «Мастер охоты на единорога»
02.05 «П@утина»

Открылось наследство после смерти Нуркасымова Серикбосуна Кудасовича, умершего 17 июля 2020 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон:41-37-73, со дня выхода объявления в течении месяца.

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Қара теңіз»
09.30 « Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.50 «Было дело»
11.50,23.40 Т/с «Лесник. Своя земля»
13.50,21.40 «Хорошая жена»
05.50,01.30 «Мост»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.20 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.05 «Той beststar»
04.10 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.50-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Спорт»
17.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 6-серия
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.00Әзіл студио
05.58 ҚР Әнұраны
06.00 1001 анекдот (каз.)
06.40 «Армагеддон»
07.50 «Информбюро»
08.50 «Союз зверей. Спасение двуногих»
11.00,23.30 Т/х «Ананди»
12.30 Т/х «Өмір өзен»
14.10 Т/х «Гадалка»
15.20 Экстрасенсы-детективы
16.30 «Taxi»
17.00 «Кел татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Безрассудная любовь»
22.20 Т/х « Врач»
01.00 Кел татуласайық
03.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,03.30 «Ата-ана.Балашаға»
09.10 Измайловский парк
11.00,19.00 Т/х «Скорая помощь»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.00,21.30 Т/х «Тойхана»
16.00,01.45 Т/х «Психологини»
17.00,01.00 Т/х «Крепостная»
18.00,00.00 Т/х «Дурная кровь»
21.00 Т/х «Өсекшілер»
05.10 Т/х « Жеңіп көр!»

Сәрсенбі - Среда, 14 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Қазба қазына»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
11.00, 19.00 Т/х «Асау толқын»
12.00,21.30 Т/х «Махаббат,қызық мол жылдар»
13.15 «Қызық екен...»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жүзден жүйрек»
16.00 «Ауылдастар»
16.30 «KELBET»
17.20 Т/х «Айналайын»
20.35 «Ashyq alan». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 Футбол.УЕФА Чемпиондар лигасы.1/4 финал.
02.55 «Ashyq alan».

ХАБАР

06.00 ҚР Әнұраны
06.03 «Ду-думан»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х « Пәленшеевтер-2»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Т/х «Тот, кто читает мысли (Менталист)»
18.00 «Овердрайв»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
21.00 Итоги дня
21.30 «Қолда я жолда»
23.30 «Егіз жүрек»
01.00 «Індетпен күрескен Қазақстан»
01.15 «Әсем әуен»
02.00 ҚР Әнұраны

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,03.05 «Үздік әзілдер»
03.30 «Союзмультфильм»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасы»
14.00 Д/ф«Эпоха достижений»
14.50Т/с «Интерны»
15.30 Деректі фильм
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Ғашықтар»
06.40,04.00 «Той заказ»
07.10,03.20 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.50 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Угрюм-река»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Сериал «Первый отдел»
00.30 «Метод»
01.20 «Мастер охоты на единорога»
02.05 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Улы тамшылар»
09.30 « Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.40 «Было дело»
11.40,23.40 Т/с «Лесник. Своя земля»
13.50 «Хорошая жена»
05.50,01.30 «Мост»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.20 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Никогда не бывает поздно»
03.05 «Той beststar»
04.10 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.50-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Спорт»
17.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.20 «Спорт»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 7-серия
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 1001 анекдот(каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.40 Информбюро
08.50 Т/х «Гадалка»
10.00 Экстрасенсы-детективы
11.00 Т/х «Ананди»
12.30 Т/х «Өмір өзен»
14.10 Т/х «Гадалка»
15.20 Экстрасенсы-детективы
16.30 «Taxi»
17.00 «Кел татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Безрассудная любовь»
22.20 Т/х « Врач»
23.30 Т/х «Ананди»
03.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 Ризамын
05.00Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,03.30 «Ата-ана.Балашаға»
09.10 Измайловский парк
11.00Т/х «Скорая помощь»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.00,21.30 Т/х «Тойхана»
16.00,01.45 Т/х «Психологини»
17.00,01.00 Т/х «Крепостная»
18.00,00.00 Т/х «Дурная кровь»
19.00 Т/х «Куба»
21.00 Т/х «Өсекшілер»
05.10 Т/х « Жеңіп көр!»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

КҮШІ АДАЛ, ЕТІ ХАРАМ, ХАЙУАН

Аспан астындағы, қысық көз елінің жемейтіні болсайшы. Жыбырлаған жәндіктен бастап, төрт аяқты жан-жануарлардың бәрін азық еткен Қытай елі өз жерінің табиғат байлығын түгісіп болып Қазақстанға ауыз салғалғы бойымызды үрей билейтін болды. Әу деп нарықтық жүйе басталып, шекара ашылып, сауда-саттық басталғанда қазақстандықтардың көбі көрші елге темір-терсек, тері, жүн өткізіп сабылды. Тіпті электр бағаналарына өрмелеп шығып, алюмин сымдарын қиып, тоқтаған кәсіпорындардың құрал-саймандарын тонналап өткізген кездер кеше ғана еді. Одан кейін тау-тасты кезіп, дәрілік шөптердің тамырына балта шауып, қара жерді қырық-шоқпыт жасадық. Оның зиянын болашақта өзіміз тартанынын біле тұра көз жұмбайлыққа бардық. Ол аз болғандай, елді мекендерде шаруалардың күн көріс көзіне айналған салпаңқұлақ есекке де тықыр таянғалы төрт-бес жылдың жүзі болды.

Қытай есектің еті мен терісіне сұраныс салғанда, ауылдағы ұры-қарылар, жұмыссыз жүргендер үйірімен жүрген есектерге қырғайдай тиді. «Бір есекті - 25000 мен 30000 теңге аралығында алады екен» деп далада жүрген хайуанды аңдығандар, сол есегімен күн көріп отырған жанұялардың қорасына қасқырдай шапты. «Ойбай миллиардтаған елде азық-түлік тапшылығы сезіліпті, содан ғой бұлар көзіне көрінгенде жей беретіні, енді есекке де ауыз салыпты» деген дақпырт шыққан-ды. Сөйтсек, оның астарында үлкен мән жатыр екен.

Есектен екі есе пайда тауып отырған шығыс елі оның еті мен терісінен денсаулыққа пайдалы тағамдар жасап, дәстүрлі медицинаға қолданатын болған. Енді есек өнімін, өз елдеріне жеткізу үшін қытайлар әлем нарығына шыққалы, есегін күзеткендер күндіз күлкі, түнде ұйқысынан қағылды. Сұраныстың жоғарылығы соншалық, Африкада жұмыс күші саналатын есектің бағасы екі есеге өсіпті. Себебі, қытайлардың сұранысы бұл елге де жеткен. Мәселен, Кенияда соңғы жылдары үш бірдей есек союға арналған қасапхана ашылған. Онда күніне 150 есек сойылып, оның терісінен алынатын желатиннің бір келісі Қытайда 388 долларға бағаланған көрінеді. Интернет көздеріндегі ақпараттарға қарағанда, Ұлыбританиялық The Donkey Sanctuary ұйымы мәліметі бойынша жыл сайын әлемде 1,8 млн. есек терісі сатылса, жалпы сұраныс 10 млн. шамасында делінген. Нарықтық жүйе, қандай сұраныс жасаса адамзат баласы соған қарай икемделе беретіні, жолын тапқан пысықайлардың обал – сауапты жиып қойып, жұмыртқадан жүн қырқып, ақша үшін арсыздыққа баратынына қазір қайран қалмайтын болдық. Алла-Тағалла жаратқан мақұлықтың терісі үшін көздері қанталағандар оларды басынан атып, сойып, терісін сыпыру үшін ашықтырып қоятыны, айуанға көрсеткен зәбір емей немене. «Сынықтан басқанның бәрі құрады» демекші, осыдан төрт-бес жыл бұрын "біздің оңтүстік елде де, есек шаруашылығы қолға алынбақ» деген жаңалық желдей гулеген. Бұл ақпараттың таралуына 2016 жылы Ауыл шаруашылығы вице-министрі қызметін атқарған тұста Гүлмира Исаева Астанадағы орталық коммуникацияда өткен баспасөз конференциясында мәлімдегені, журналистерге қоламтаны қоздатуға түрткі болған. Алайда, бұл ақпаратты теріске шығарған. Сол кезеңде, Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігінің қоғаммен байланыс басқарма басшысы болған (қазір Жамбыл облысы әкімінің кеңесшісі) Жасұлан Әбдіхалық "Азаттыққа" берген сұхбатында вице-министр Гүлмира Исаева есек бағуға қатысты айтқан сөзін "ойын дұрыс жеткізе алмағанын, Қытай жағынан есек терісіне сұраныс болғанын, бірақ, оны жіберу үшін оңтүстік жақта арнайы шаруашылық ашу керек болатынын ғана айтқысы келген" деп түсіндірген болатын. Аузынан авария болған экс вице-министрдің сөзінен соң Жасұлан Әбдіхалықтың: «Қазақстанда есекке санақ жүргізілмейтінін, Қазақстан мен Қытай арасында есек сату туралы ешқандай үкіметтік келісім жоқ-екенін мәлімдеген болатын. Алайда, сауда көзіне айналған салпаңқұлаққа бөрідей тигендер басы мен ішек-қарнын



сойған жерлерінде тастап кетіп, елді шулатқандардың соңына полицейлер шырақ алып түскен-ді. Тіпті, Өзбекстанда есек етінен тағам дайындағандар ұсталып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Қырғызстанда есек бағып, Қытайға экспорттау ісі дауға айналды. 2 мың бас есек Қытайға сатылғаннан кейін жергілікті тұрғындар мұндай кәсіпке наразы болып, есек сатуға заң жүзінде тыйым салуға шақырды. «Бақсам бақа екен» демекші, есек туралы тарих айырқалпақтарда кеңес одағы кезінде болғанын өздері ақпарат құралдарына жар салып жариялады. Бүкіл Совет одағына жалпақ танау өсіруді міндеттеп, шұжығы мен майын жегізген компартия Қырғызстан арқылы Еуропаға есек етін шығарыпты. Соны құлақтары шалған қисық көздер Алатаудың арғы жағындағы айырқалпақты елді аралап, есек бағуға қолайлы аудандарды аралаған.

Қырғызстан үкіметінің ресми өкілі "есек экспорттау – заңды іс" дей келе, Ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік бойынша мемлекеттік инспекция жетекшісі Қалысбек Жұмақанов "2008 жылы Қырғыз-Қытай үкіметтері арнайы келісімге қол қойғандарын, 2008 жылғы келісімге 2015 жылы қосымша хаттама жасап, 1700 бас есек сатуға рұқсат бергендерін айтқан-ды. Есек бағып экспорттайтын үш фирманың екеуі – қытай кәсіпкерлеріне тиесілі екенін, есекте қой сиыр сияқты жануар оны тірідей қытайға алып кетсе тұнып тұған бизнес көзі" деп Жырғалбек Сағынбаев айырқалпақты шенеунік ашық айтқан болатын. Бұл елде есек сатуды академиктер де қолдаған. Масқара болғанда осы елде былтыр пандемия мен ковид асқынғанда есек сауып сүтін ішкендер туралы ақпаратты көгілдір экран көрсеткенде, "Астапыр-Алла ненің адал, ненің харам екенін айырмайтын күйгеде жеттікау" деп бір шошынғанбыз. Бұл хабар осымен басылғандай болғанда ,жақында қазақстандық көгілдір экраннан «есек жоғалып жатыр, бір есекті 40-150 мың аралығында сатып алады» - деген ақпарат тағыда бомба жарылғандай бүрқ ете қалды. Есектің терісіне телміргендер қыруар пайда табатын көрінеді. «Есек терісін қабылдаймыз» деген жарнамасы жар салып тұр деген «Заман кз» тілшісі телефон арқылы жарнама берушілерге хабарласып сөйлескендері желіні жарды.

Ең қорқыныштысы қытай елі есек етінен түрлі тағам жасайды дегені зәре құтымызды қашырып тұр. Есекті ұрлап, сойып, терісін сыпырып жүргендер, базардағы ет сатқыштармен ымыраласып жылқының еті деп саудалап жібермесіне ешкімде кепілдік бере алмайды. Себебі, бір кездері қоян өсіруші шаруалар істерін деңгелеткенде, базарда қоянның еті деп мысық етін саудалағандарды тұзақтаған кезендер болған. Ең сорақысы, есектің сүті дәрі екен деген айырқалпақты ағайындар жануарды сауа салып, шелектегі сүтті бастарына көтере ішкенін эфирден көріп, жерінгенбіз. Нарықтық жүйеде неше түрлі сұмдықтарды көріп, адал мен арамды пайымдай алмайтын дәрежеге жеткеніміз өзекті өртейді. Төрт түліктің ішіндегі Ойсылқараның дәретін дертке шипа екен деп ішіп, түйенің артын жағалап кеткендерді де көрдік. Енді, бар мәселе, айналып келіп есекке тірелуде. Қытай мамандарының айтуынша есек терісіндегі алынатын «эцзяо» – желатин бет-терісін жасартатынын айтылуда. «Азаттық» радиосына берген сұхбатында Қытайдағы «Конфуций» институтының Минчжоу Линин есімді қызметкері бұл елде есектің еті мен терісі ежелден шипалық қасиеті бар деп саналатынын айтыпты. Яғни, оның терісінен дәрілік заттар алатын көрінеді, ал еті витаминдер мен минералдарға бай құнарлы азық саналады екен.

«Қытай емшілері осыдан екі мың жылдай бұрын, есек терісінен алынған дәрілер қан аздықтан қорғайтынын, ағзаның қорғаныс қабілетін арттыратынын анықтаған. Оны бедеу әйелдерге қолдануға да кеңес беріледі. Әсіресе, бізде «эцзяо» деп аталатын дәріге сұраныс күшті. Ол негізінен, әйелдер косметологиясында пайдаланылады, теріні жасартып, жасартады. Оны құрғақ жөтелге, бас айналуына қарсы, суықтан ауырғанда пайдалануға да болады» – депті Линин. Түсінгеніміз, бүгінде жоғарыда аталған «эцзяо» Қытайда шығарылатын өсімдік шайларының көбінің құрамында болады екен. Ал, оны өндіру үшін Қытайда көптеген есек фермалары ашылыпты.

Алынған өнім бүгінде Шығыс Азия, Еуропа елдеріне, АҚШ-қа көптеп экспортталады. Жыл сайын төрт-бес тонна «эцзяо» шығарылады, ол үшін жылына 1 миллионға жуық есек сойылады деген ақпаратты құлағымыз шалды.

«Мәссаған-безгелдек» қытай ғалымдары өздерінен шығарылатын өсімдік шайларының құрамында есектен алынған өнімдер барын ашық айтыпты. Ал, сауда-саттықпен келген өсімдік шайын қазақстанда кімдер ішпей жүр десеңізші. Есектің еті, сүті, терісіде де дәрі болғаны рас болса, ал жерініп көр! «Халал шұжық, халал монша» дегендей, бір күні есектің етіде халал деп азғындапып кетпесек болды ғой! Себебі, есек ұрлаушылар, басын кесіп, ішек-қарнын далаға тастапты, ал оның етінің қайда кетіп жатқанын, құзырлы органдар мен бір Құдайға ғана аян!

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАУІПСІЗ ТУРИЗМ

Тарихын табыс көзі еткен

Жалғасы. Басы 1-бетте

Әуежайдан күтіп тұрған ыңғайлы да жайлы автобусқа мініп, ызғыта жөнелдік. Көлік ішінде отырып айналаға көз салдым. Мәрмәр теңізі, шарқ ұрған шағала, ертедегідей желкені болмаса да, кескіні келісін жарқыраған, ақ бума түтіндері будақтаған аппақ кемелер, сүйірленіп көкке ұсынған күмбезді ғимараттар қиял ширкіне қанат бітіргендей. Ал, қол бұлғап жатқан тұмса табиғаттың сулулығына тамсанбай көр. Іштей: «Стамбул, неткен сырлы да сұлу, ғажап едің!» деп қайталай бердім.

Сырлы да сұлу Стамбул

Ал Стамбулдың айнадай жалтыраған жолын көргенде.... бір сәт өз елімнің жылға жетпей шұрқ-тесік болатын жолдары келді көз алдыма. Тіпті... жол соғып шаршаған жерлестердің кейпі де елестеп өтті. Стамбулдың жолына қарап сапалы жасалған жұмыстың нәтижесіне көз жеткізеді екенсің. Бұл орайда естіп, білгенім, елде тендерді ұтып алған компанияға Үкімет қаржыны тікелей аударатындықтан, «Бармақ басты, көз қысты» әрекетке жол жабық көрінеді. Яғни, әр тиын есепке алынады. Ол үшін арнайы комиссия құрылып, оларды сатып алу, алдап кету мүмкін емес деседі. Теп-тегіс жолдар көркі қаланың көркін одан әрмен асыра түсті. Тағы сол ішімнен «бұл ғажайып

елдің кереметі көп екен-ау» деп отырып, діттеген қонақ үйімізге де қалай жеткенімді сезбей қалдым. Сөйтіп, Стамбулдағы Таксим ауданында орналасқан қонақ үйге табан тіредік. Осындағы мейрамханадан карантиндік талаптарды сақтай отырып түскі асымызды ішкен соң бес күндікте сапарлауға алып шығатын жолбастаушы Беркан Тасанмен танысып, білістік. Мұнан кейін ол «Қауіпсіз туризм» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан және Қырғызстан елдерінен арнайы келген 15 журналистке жол көрсете отырып, турдың алғашқы бағдарламасы бойынша бізді Стамбулдың танымал алаңымен жүргізіп, түрлі ғажайыпқа толы өлкенің тарихы туралы сыр шертті.

Жолбастаушының сөзіне жүгінсек, Стамбулдың Таксим алаңы өзінің танымал болуының көп бөлігін ИСТИКЛЯЛЬ көшесіне қарыз. Бұл атақты сауда даңғылы, ол шамамен 2,5 км қашықтыққа созылып жатыр. Түрік тілінен «Истикляль» сөзі «жеңіс» деп аударылады екен. Сонымен қатар мұнда күніне шамамен 3 миллион адам жүріп өтеді деген дерек те бар. Екі шеті сауда қатарларына толы. Сауда даңғылынан түркі елі тарихының иісі аңқып тұрғандай сезілді.

Таксим алаңы туристерді бірнеше себептермен қызықтыратындығын да айта кету керек, алдымен, мұнда сіз тарихи ескерткіштерге қарап, XIX ғасырдағы сәулеттік ғимараттарды бағалай аласыз. Екіншіден, мұнда сапалы сауда жасау үшін барлық жағдай жасалған. Үшіншіден, алаңда сіз көптеген мейрамханалар мен клубтарды таба алады екенсіз.

Алаңның архитектуралық келбеті де әр түрлі, мұнда XIX ғасырдағы тарихи ғимараттармен және миниатюралық мешіттермен қатар заманауи ғимараттар да бой көтерген. Таксим алаңында бірден бірнеше көрнекті орындарды атап өтуге болады, олардың арасында Республика ескерткіші де бар. Оны итальяндық инженер Пьетро Каноник жобалап, 1928 жылы алаңға тұрғызылыпты. Бұл туралы Беркан мырза қысқаша мәлімет беріп өтті.

«Биіктігі 12 м ескерткіш екі жақты және бірнеше мүсіннен тұрады. Оның солтүстік бөлігінде Түркияның қарапайым азаматтары мен әйгілі маршалдары бейнеленген, оның ішінде елдің алғашқы президенті Ататүрік те бар. Ескерткіштің оңтүстік жағында кеңес революционерлері Ворошилов пен Вернадскийдың тұрғандығы назар аудартады. Ататүрік жеке өзі бұл мүсіндерді ескерткіштің құрамына қосуды бұйырып, сол арқылы КСРО-ға Түркияны азаттық күресінде көрсеткен қолдауы мен қаржылай көмегі үшін ризашылығын білдірген».

Ататүріктің ескерткіші орналасқан алаңнан басталатын бұл тарихи көше Стамбулдың көркіті символы Галата мұнарасына алып барады. Бұған бармас бұрын жолай СЕНТ АНТУАН атты православтық шіркеуді де аралауға уақыт табылды. Жолбастаушының айтуынша, Стамбулда 85-ке жуық православтық шіркеу бар екен.

Мұнан кейінгі тоқтаған жеріміз атақты ГАЛАТА мұнарасы болды. Галата сарай – ең көне де көркем мұнаралардың бірі болып табылады. Ол әуелде ағаштан тұрғызылыпты. 528 жылы Византия императоры Анастасия жау келе жатқанда белгі беретін мұнара ретінде салған. Сосын оны 1348 жылы тастан қалап, қайта көтерген. Түріктер жаулаған 1453 жылы мұнараға байрақ ілініп, елдің символдық нышаны болады. Жерден санағандағы биіктігі – 66,90 болса, теңіз деңгейінен биіктігі – 140 метр. Мұнараның диаметрі 8,95 болса, дуалының қалыңдығы – 3,75 метр деген жолбастаушымыз мұнара төбесінен бүкіл Стамбулдың көркем сәулеті көрінетінін де айтты. Айтқандай-ақ, нысанның ең басына шыққанымызда Стамбул алақандағыдай көрініп, ғаламат бір көрініске тап болдық. Айтып, айтпай не керек, сырлы Стамбулдың ғажайып көрінісі шынымен де көз сүйіндірді, биік мұнараның басында тұрып көктемнің жылы лебін де сезіндік. Биіктен алысқа көз тастаудың өзі бір керемет қой. Жүрек ширкін толқып сала берді. Сұлу Стамбулдың бізге айтары бұл ғана еместей. Қалай дегенмен, мұндай әсемдік пен әдемілікті тек көзбен ғана көру керек...

Түркияға табан тіреген алғашқы күн осындай керемет әсерге бөледі. Көңілге көп дүниені түйгізген сырлы Стамбулдың да тарихи орындары мен қорғанға толы қала екендігіне, әрі Көне Рим мен ислам мәдениетінің түйіскен бесігі болып табылатындығына да көз жеткіздік.

Сырлы қаланың көне тарихынан сыр шерткен Беркан бей өз сөзінде Стамбул – әлемнің ең ірі қалаларына жататынын, бүгінде мұнда 18 миллион адам тұратынын да айтты. *«Кешегі Осман империясының астанасы болған Константинополь қаласы – бүгінгі Стамбул жерорта теңіздік өркениеттердің, соның ішінде Рим және Шығыс Рим империясының ислами мұрагері болған, әлі де солай. ...Кезіндегі Осман империясының Еуропа, Азия және Африка құрлықтарында орналасқан көпұлтты мемлекет болғанын білесіздер. Ал, қазіргі Түркия Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан. Стамбул қаласы да дәл солай екіге бөлінеді. Еуропа және Азия. Туристердің көбі Еуропа бөлігіне барғанды жөн көреді. Себебі, барлық туристік ғимараттар осы жерде орналасқан»* – деген ол тур бағдарламасы бойынша екінші күнгі сапар көркіті Бурса қаласымен түйісетінін де еске салды.

Тұмса табиғатымен тамсандырған Бурса

Сұлу Стамбулдан кейінгі екінші күнгі сапарымызда жорғадай тайпалған жолдармен автобусымыз БУРСАҒА қарай бет түзеді. Келгелі бері Түркияның терең тарихы туралы сыр шерткен Беркан мырза ендігіде Бурса қаласы туралы да әдемі ой өрімдерін ортаға салды. Айтуынша, Бурса Османдардың алғашқы астанасы болған жер. Бүгінде Түркияның төртінші үлкен қаласы болып табылады. *«Кезінде ағылшындар мен француздар Стамбулды жаулап алған. Чанаккаледе алты ай бойы соғыс болған деседі. Теңіз арқылы жаулап алмақ болыпты. Австралиядан жауынгерлер алып келген. 200 мың жауынгер қаза тапқан. Чанаккеледе қырғыздар, қазақтар, өзбектер, әзірбайжандар бірге соғысқан»* – дейді ол.

Жол-жөнекей де Стамбул туралы түрлі ой қаузаған жолбастаушымыздың әр сөзінен оның туған жеріне деген шексіз махаббаты мен құрметі тәнті етті. Бір ғана Беркан мырзаны ғана емес, мұндағы әр түрік азаматының бойынан өз еліне деген патриоттық сезімдерін бірден байқай аласыз.

Ызғытқан автобусымыз Бурсаға барар жолда Осман Гази көпірінің үстімен өтті. Бұл туралы да оның айтары аз емес. Айтқандай, ұзындығы 2700 метрді құрайтын көпір 1974 жылы салыныпты.

Көріп, естігеніміздей Бурсада Орхан Газиға қатысты атаулар көп екен. Тарихының басым бөлігі де осыған тікелей қатысты. Орхан Гази византиялықтармен ұзақ мерзімді соғыс жүргізген. Оның тұсында Бурса Түркияның астанасы болған. Беркан мырзаның айтуынша, Орхан Гази мен оның әкесі Осман Газидің мазары үлкен бақта орналасқан. Екеуінің де мазарында 24 сағат бойы құран оқылып тұрады. Әрі тәулік бойы күзетіледі. Сонымен қатар бұл жерде XIX ғасыр соңында Абдул хамит сұлтанның құрметіне сағат мұнарасы тұрғызылыпты. Бурсада барған кезекті орын әйгілі СҰЛТАНДАР ҚАҚПАСЫ болды. Тек қана сұлтандар кіріп шығатын атақты қақпа XIII ғасырда салынған екен. Бүгінде Салтанат қақпасы деп аталады. Тағы дәл осындай 5 қақпа бар көрінеді. Әрі бұл аудан мраморлы аумақ болып табылады. Таныстыру барысында Беркан мырза жуырда ғана мұнда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгендігін айтты. Шынында да, сәулетшілердің негізгі тінді сақтай отырып, жұмыстары керемет орындап шыққаны көрініп-ақ тұр.

Бурсадағы тағы бір көрікті орын деп 600 жылдан асқан ҰЛЫ ЖАМИ мешітін айтуға болады. Мұның да тарихынан сыр шерткен жолбасшы бұл Бурсадағы ең үлкен мешіт болып саналатынын айтты.

«Ұлы деп аталатын себебі, селжүктер стилінде салынған мешіттің 20 күмбезі бар. 1396-1400 жылдар аралығында I Баязит сұлтанның бұйрығымен салынған. 1396 жылы Никополде болған соғыста Баязит Аллаға: «Жолымды болдыра көр. Егер жеңіске жетсем, 20 мешіт салдырам», – деп жалбарынады. Соғыс бітеді, Сұлтан жеңеді, мешіт салдырайын десе, қазынада ақша жоқ. Содан діни мәселелерде кеңес беретін ұстазынан ақыл сұрайды. Ол 20 мешіттің орнына 20 күмбезді бір үлкен мешіт сал дейді. Ұлы мешіттің тарихы –

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАУІПСІЗ ТУРИЗМ

ТҮРКИЯ

осындай» деп ағынан жарылды ол.

Мешіттің ішінде субұрқақ бар. Қабырғаларында Осман каллиграфиясының үлгісі ретінде 192 жазу да бар екен. Мешітке кіргеннен жаныңа ерекше бір жайлылық сезіледі. Неше жылдық ескі тарихымен еңсені көтерген мешіттің іші сан ғасырлық үзілмей жасалып келген құлшылық рухына сүңгітіп, бір сәт тыныштық рухына малындырды. Негізі, мұндағы көп дүние қолмен жасалынғанын да айта кеткен жөн болар.

Пресс-тур бағдарламасы бойынша табан тіреген Орхан Газидің Бурсаны қалай жаулап алғаны бейнеленген ПАНОРАМА МУЗЕЙІ тіпті керемет-ақ. Нысан ішіне аяқ басқаннан-ақ көне тарихтың иісі аңқиды. Мұндағы екінші қабатқа көтерілгенде тірі суретті көз алдыңызға әкеледі. Әрі сол заманға топ ете түскендей күйге бөленесіз десем, сенетін бе едіңіз?! Мұндағы шықылықтаған құстың үні де әсем музыкамен бірге астаса түсетіні, тіптен ғажап дерсің. Ал Осман Гази қамалы алыстан менмұндалайды. Шыны керек, қаламға қасиет бітірген суретшілер шеберлігі де тәнті етті. Жолбастаушы Беркан мырзаның айтуынша, бұл жерде жұмыс істеген 8 суретші картинаны 4 жыл бойы салған. Оған 7 миллион доллар жұмсалыпты. Ал суретшілердің бірі әзірбайжан, енді бірі украин болса, қалғандары түріктер екен. Тарихымен де туризімін дамытқан түрік ағайындарынан үйренеріміз көп-ақ. Осындай тірі тарихтың куәсі болғанға не жетеді!

Жұмбаққа толы Джумалықызық

Сапарымыздың үшінші күні де қызыққа толы болды. Топбасшымыз бастап апарған Бұрсаға жақын маңдағы ДЖУМАЛЫҚЫЗЫҚ –Түркияның Мәрмәр аймағында түпнұсқалық тарихы сақталған, бұрынғы үйлері және көшелерімен есте қалатындай жұмбаққа толы бір ауыл екен. Бурсадан 13 шақырым жерде, Ұлытау (Улудаг) етегінде орын алған ауыл тарихи текстурасы мен дәстүрлі өмір салтын қазіргі күнге дейін сақтапты. Османлы сәулетшілігінің мысалы үйлер, жаңбыр жауған кезде суды алып кететін, көшенің ортасы каналға ұқсатып төселген қисық тасты көшелері мен монументалды құрылымдары ашық аспан астындағы бір мұражай сияқты. Кірпіш үйлері, түрлі-түсті дуалдары да сізді бұрынғы заманға жетелеп апарады. Тағы бір айта кетерлік қызықты мәлімет, «Қыналы қар» түрік телехикаясы осы ауылда түсіріліпті. Сондай-ақ, әлемдегі ең тар көшелердің бірі де осы жерде екен. Көненің көзіндей болған, 700 жылдық тарихы бар ескі ауылдан естелік болсын деп суретке де түстік.

Осы күні тағы бір табан тірген орын, бұл – КАРАГӨЗ мұражайы болды.

Мұражай ішін аралап көруде оның екі галереядан тұратынын аңғардық. Бірінші галереяда көлеңкелі ойын тарихы туралы, екіншіде, дәстүрлі көлеңкелі ойын коллекцияларынан жиналған 61 түпнұсқа Қарагөз қуыршақтары қойылыпты. Дәл осы жерде біз «Қарагөз бен Хадживат» қуыршақ театры қойылымын тамашаладық. Бұл бетпе -бет бір бірлерімен қағыта сөйлесе отырып, қуыршақтардың екі өлшемді суреттері пердеге түсіріліп қойылатын көлеңке ойыны болып табылады. Негізгі бас кейіпкерлер екеу, есімдері – Карагөз бен Хадживат. Пьесадағы диалогтар адамдарды күлдіре отырып ойландырады.

Ұлытаудың – ұлы жолы

Сапарымыздың тағы бір ғажайыпқа толы сәті ҰЛЫТАУҒА (Улудаг) баруымыз болды. Бұл жер болашаққа бастаған ұлы жолдай көрінді. Жолбастаушымыз көп жыл бойы Түркияның жетекші тау шаңғысы курорты болып саналатын Улудаг туралы қысқаша айтып өтті. Оның сөзінше, мұнда әлемдегі ең ұзын аспалы жол ашылған. Оның ұзындығы - 8,8 шақырым. Аспалы жол бойынша 1400 метрге дейін жоғары көтеріледі. Ал Бурсаның өзі теңіз деңгейінен 395 метр биікте тұрған көрінеді. «*Тоғыз шақырымға жуық жолмен саяхаттау небәрі 12 минут уақыт алады. Жаңа аспалы жол 174 кабиналармен жарақтанған, оның әрқайсысы 8 кісіге есептелген. Бір сағатта ол 1500 адамды тасып жеткізе алады. Жаңа аспалы жолда мүмкіндігі шектеулі адамдардың да мұқтажы ойластырылған*» – дейді ол.

Тұмса табиғатымен тұрғылықты халқын ғана емес, туристерді де тарта білген мұндай көркем жерге аяқ басудың өзі ғанибет емей не деуге болады. Беркан бейдің айтуынша, Түркияда бұдан да биік таулар болғанымен ең биігі 2,5 мың метрге таяу осы тауды ғана Ұлы деп атапты. Бұл жер орманды көрінді. Біз барғанда қар да қалың жауыпты мұнда. Төрт кісілікке есептелінген кабиналарға отырып тау биігіне қарай зымырай жөнелдік. Бұл жерде суретке түсіп, ас-су беретін қызмет те жақсы жолға қойылған. «Қауіпсіз туризм» жобасының негізгі шарттарына жүгіне отырып, курорттық орын туристік істерін ілгерілетуге көшкен.

Бес күндік сапарымыздың төртінші күнінде Бурса маңындағы Гөлйазы, Изник қалаларын да аралап, тарихи жәдігерлермен, таныстық.

Жолбастаушының сөзіне жүгінсек, ГӨЛЙАЗЫ қаласын біздің дәуірімізге дейінгі 600 жылы ежелгі гректер салыпты. Улуабат көлінің ортасындағы аралда орналасқан Гөлйазыда римдіктердің де қолтаңбасы бар екен. Мұнда бұған дейін ешбір жерде кездеспеген жел диірмен бар. Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңына қарай түріктер мен гректер Гөлйазыны қарақшылардан қорғау үшін күресіпті Ал ИЗНИК біздің дәуірімізге дейінгі 600 жылы салынған қала византиялықтардың, римдіктер мен ежелгі гректердің астанасы болған. Христиандар үшін қасиетті мекен саналатын Изникте алғашқы ғибадатхана салыныпты . Қазіргі таңда мұнда керамика ісі мықты дамыған екен. Бір кездері Османлы падишахы Сұлтан Ахметтің пәрменімен іргетасы қаланған Сұлтанхамет мешітіне де осы Изниктің керамикалық плиталары жапсырылған деседі.

Негізінде, Бурса қаласы маңындағы түрлі орындарды аралаудағы саяхатымыз біз ойлағаннан да керемет естеліктерге толы болды.

«Қауіпсіз туризм» шеңберіндегі қауіпсіздік шаралары

Бес күндік сапардағы бағдарлама бойынша Бурса қаласындағы қонақ үйінде қазақ-қырғыз журналистері Түркияның туризмді насихаттау және дамыту Агенттігінің басқарма мүшесі Еркан Йаккымен өткізілген онлайн режиміндегі бейне – конференцияға қатысты. Конференция барысында ол Түркия «Қауіпсіз туризм» жобасын қолға ала отырып, туристер үшін шекараны қайта ашқанын айтты. Яғни, бұл өлкеге табаның тию үшін арнайы шартты орындап, тәртіпке бағыну керек. Ең басты талап, ол 72 сағат бұрын арнайы форма толтырып, ПТР тестінің теріс нәтижесін жүктеу керек.

Еркан Йаккы мырзаның сөзінше, «Қауіпсіз туризм» бағдарламасы 150 ережеден тұрады. Ол ережелер бойынша турист барған жерінде өзін қауіпсіз сезінуі үшін барлық гигиеналық нормалар мен стандарттар сақталып, пандемия кезіндегі шет елде денсаулығының қауіпсіздігіне кепілдік береді. Басты үш ережесі, ол – маска тағу, әлеуметтік ара қашықтық пен тазалық сақтау.

Сонымен бірге туризм саласында жұмыс істеп, көпшілікпен байланысқа түсетін қызметкерлерге вакцина егу жұмыстары да басталып кетіпті. Вирустан сақтану үшін түрік бауырлардың алып жатқаны қытай елінде жасалған вакцина екен. Еркан Йаккының сөзінше, Түркия – туризм саласында жетістікке жеткен елдердің бірі. Ендеше, вакцина егу мен «Қауіпсіз туризм» бағдарламасы арқылы карантин тұсында кенжелеп қалған туризм саласын жандандыруды қолға алып, туристер арқылы табыс табуға тас-түйін дайын отырғандарын да айтты. Биылғы жоспар бойынша Түркия 32 миллион туристі қабылдамақ. Және елге келген шетелдік туристер мен туристік сектор қызметкерлері денсаулығының қауіпсіздігіне баса мән берілмек.

Әлемге әйгілі Топқапы сарайы

Бесінші күні жолымыз Сырлы Стамбулмен қайта түйісті. Шынын айтқанда, төрт күндікте тарихы тасқа, шежіресі құмға сіңген сұлтандар елі туралы көптеген мәліметке қанық болдық. Осындай керемет көңіл күймен әлемге әйгілі Топқапы музейіне де барып, өзімізді құдды бір Осман империясының дәуірінде жүргендей сезінгеніміз де рас.

1) олардың зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинағының белгіленген ең аз жеткіліктілік шегінен асып түсуі керек.

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы мен уәкілетті оператордан электрондық хабарлама алған күнге Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне сәйкес есептелген зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі арасындағы айырма сомасынан аспауы тиіс;

2) зейнетақы мөлшері, ал Заңның 11-бабының 7-тармағында көрсетілген адамдар үшін зейнетақы және ай сайынғы қамтылым сомасы алушының Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленетін 40 пайыздан төмен емес деңгейдегі орташа айлық табысын алмастыру коэффициентін қамтамасыз ете алуы керек. Орташа айлық табысты алмастыру коэффициентін есептеу кезінде алушының зейнеткерлікке шығу күнінің алдындағы, бірақ республика бойынша орташа айлық табыстан аспайтын табысы ескеріледі.

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті оператордан бастапқы электрондық хабарламаны алған күнге салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауы тиіс;

3) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқандар;

Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотындағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен жинақталған зейнетақы жинағының мөлшерінен аспауы қажет.

Осылайша, зейнетақы жинақтары тек қана Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мақсаттарға және тәртіппен пайдаланылуы мүмкін. Бұл ретте зейнетақы жинақтарын тұтынушылық несиелерді төлеуге пайдалануға болмайды.

3) Қайырлы күн! Мен өзімнің зейнетақы жинақтарымды мерзімінен бұрын алуға дайындалып жатырмын және мені жеке табыс салығын төлеу туралы мәселе қызықтырады. Мен оны қазір толық төлеймін бе? Зейнетке шыққаннан кейін маған қалған жинақтарым қалай төленеді? Шегерімдер бар ма?

БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомаларына салық салу тәртібін айқындау мақсатында «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 351-1-бабында тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС (жеке табыс салығы) есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктері көзделген.

ЖТС біржолғы зейнетақы төлемінің сомасына Салық кодексінің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді (10%) қолдану арқылы есептеледі.

Салық кодексінің 351-1-бабы 2-тармағына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомасынан ЖТС ұстап қалу және аудару БЖЗҚ жеке тұлғаның ЖТС ұстап қалу туралы өтінішіне сәйкес төмендегі тәсілдердің бірі бойынша жүргізеді:

1) Кодекстің 351-бабында көзделген тәртіппен біржолғы зейнетақы төлемі жүзеге асырылған күннен кешіктірмей, бір мезгілде;

2) БЖЗҚ белгілеген зейнетақы төлемдері кестесі бойынша он алты жылдан аспайтын мерзім ішінде ай сайын тең үлестермен.

ЖТС ұстап қалу жеке тұлғаның БЖЗҚ ретіндегі салық агентіне ұсынатын зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган белгілеген нысандағы ЖТС ұстап қалу туралы өтініштің негізінде жүргізіледі.

Осылайша жеке тұлға біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС-ты Салық кодексінің 351-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ұстап қалу туралы өтініш берген кезде, БЖЗҚ ЖТС ұстап қалу мен аударуды зейнетақы төлемдері үшін БЖЗҚ белгілеген кесте бойынша зейнетақы жасына жеткен кезде жүзеге асырады.

Біржолғы зейнетақы төлемінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктерін айқындайтын Салық кодексінің 351-1-бабында салық шегерімдерін қолдану көзделмегеніне назар аударамыз. Яғни, ЖТС есептеуге арналған салық салынатын базадан салық шегерімдері тек біржолғы зейнетақы төлемдері бойынша ғана қолданылмайды.

Кейіннен зейнеткерлікке шыққан кезде Салық кодексінің 353-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен алушының БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуы кезінде салық шегерімдерін қолдану құқығы сақталады.

Естеріңізге сала кетейік, міндетті зейнетақы жарналарына (МЗЖ) жеке табыс салығы (ЖТС) салынбайды, ЖТС зейнетақы төлемдерін алған кезде ғана ұсталады. Бұл ретте салық шегерімдері (ұсталатын салық сомасын есептеу үшін салық салынатын базадан шегерілетін сомалар) қолданылады.

Сандармен қарастырайық. Мысалы, БЖЗҚ-дан берілетін төлем 50 000 теңгені құрайды. ЖТС есептеу үшін салық шегерімі ретінде ең төменгі жалақының (ЕТЖ) бір мөлшері – 42 500 теңге қолданылады. Бұл жағдайда ЖТС салуға жататын сома (немесе салық салынатын база) 7 500 теңгені (50 000 теңге - 42 500 теңге = 7 500 теңге) құрайды. Дәл осы сомадан 10% немесе 750 теңге мөлшерінде ЖТС ұсталатын болады.

Осылайша алушыға 49 250 теңге (50 000 теңге - 750 теңге = 49 250 теңге) мөлшеріндегі сома аударылады.

Егер бұрын алушы біржолғы зейнетақы төлемін алу құқығын пайдаланған болса, мысалы, бұрын өзінің жеке зейнетақы шотынан 5 млн теңге мөлшеріндегі қаржыны ЖТС-ты (10% немесе 500 мың теңге мөлшерінде) зейнетақы жасында төлеу үшін кейінге қалдыра отырып, алған болса, онда мұндай алушының зейнет жасы бойынша зейнетақы төлемі былайша өзгереді.

Кейінге қалдырылған ЖТС сомасы зейнетақы төлемдерінің санына, бірақ 192 төлемнен артық емес (кейінге қалдырылған ЖТС төлемі 16 жылдан аспайтын кезең ішінде жүзеге асырылады) көлемге бөлінеді. 500 000 теңге / 192 төлем = 2 604, 16 теңге.

Алушыға 46 645,84 теңге (50 000 теңге - 750 теңге-2 604,16 теңге = 46 645,84 теңге) мөлшеріндегі сома аударылады.

4) Біздің анамыз ресми түрде жұмысқа орналаспаған және өз қолымен дайындаған тоқыма заттарын сатумен айналысады. Бірақ ол болашақта зейнетақысы аз болады деп алаңдайды, өйткені, оған жұмыс өтілі есептелмейді. Бұл мәселені қалай шешуге болады?

Сіздің анаңызға бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төлеуге болады. БЖТ төлеуші болу үшін салық органдарына тіркелудің қажеті жоқ, тек бірыңғай жиынтық төлемнің белгіленген сомасын төлеу керек. БЖТ-ның ай сайынғы төлем мөлшері республикалық маңызы бар қалаларда, Нұр-Сұлтан және облыстық маңызы бар қалаларда тұратын жеке тұлғалар үшін – 1 АЕК (2021 жылы – 2 917 тг.), басқа елді мекендерде тұратын жеке тұлғалар үшін – 0,5 АЕК (2021 жылы – 1458,5 тг.). Төлем екінші деңгейдегі банктер арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының шотына бір сомамен жүргізіледі. Төлемді жүзеге асыру үшін банкте есеп айырысу шотын ашу талап етілмейді. Бірыңғай жиынтық төлем сомасын Мемлекеттік корпорация мынадай пропорцияда бөледі: 10 % - жеке табыс салығы (ЖТС), 20 % - әлеуметтік аударымдар (ӘА), 30 % - міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), 40% - міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар (МӘМС). Зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар үшін төлемнің барлық сомасы жеке табыс салығы болып танылады, әлеуметтік төлемдерге бөлу жүргізілмейді.

Осылайша БЖТ жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуға және жүйеге қатысу өтіліне және қалыптасқан жинақтарға байланысты зейнетақы төлемін алуға құқық береді. Бұл анаңызға расталған еңбек өтіліне байланысты базалық зейнетақы алуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, БЖТ төлегеннен кейін ол міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы болады және медициналық мекемені таңдау құқығын беретін сомасы мен түрлері бойынша шектеусіз медициналық қызметтерге қол жеткізеді. Сондай-ақ, ол еңбек ету қабілетінен, жұмысынан айырылған жағдайларда және заңда көзделген басқа да жағдайларда әлеуметтік төлемдер ала алады.

Болашақта анаңыз үшін лайықты зейнетақының қамтамасыз етіп, ол кісінің зейнетақы шотын толықтыру үшін Сіз немесе анаңыздың өзі ерікті зейнетақы жарналарын жүзеге асыра аласыздар. Жарнаның мөлшерін және ЕЗЖ төлеу кезеңділігін, сондай-ақ, ЕЗЖ төлеу құқығы басталған кезде зейнетақы жинақтарын алу тәртібін өзіңіз белгілейсіз. Ол үшін БЖЗҚ-мен шарт жасасып, БЖЗҚ-ға ерікті аударымдарды Шартта көрсетілген банк деректемелеріне аудару қажет. Ыңғайлы болу үшін БЖЗҚ сайтында өзекті ЭЦҚ кілтінің көмегімен ЕЗЖ-ны есепке алу үшін жеке зейнетақы шотын онлайн ашу қызметі іске асырылды. Сонымен қатар ЕЗЖ-ны банктік қызметтер – Kaspi.kz қосымшасы, Halyk Bank терминалдары арқылы төлеуге болады. Нәтижесінде, ЕЗЖ Сіздің анаңыз үшін базалық зейнетақыға тамаша қосымша төлем болуы мүмкін.

5. Сәлеметсіз бе? Мен Ресей азаматымын, бірақ 2021 жылғы 1 ақпаннан бастап Қазақстанда уақытша тұрамын және жұмыс істеймін. Мен үшін зейнетақы жинақтары қалай төленуі тиіс?

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбекшілерін және отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тұрақты тұратын мемлекеттің заңнамасына, сондай-ақ, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасында жасалған дербес халықаралық шартқа сәйкес реттеледі. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы Келісім (бұдан әрі - Келісім) осындай халықаралық шарт болып есептеледі.

Келісімнің негізгі мақсаты – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер еңбекшілерінің зейнетақы құқықтарын жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтары сияқты жағдай мен тәртіп бойынша қалыптастыру. ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыруға арналған құқықтардың өз азаматтарына берілетін құқықтар көлемімен бірдей етіп берілетініне кепілдік беруі тиіс.

Өтпелі ережелерді қамтитын Келісімнің 12-бабында зейнетақыны тағайындау және төлеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылатыны көзделген:

Келісім күшіне енгеннен кейін жинақталған жұмыс өтілі үшін зейнетақыны ЕАЭО-ға мүше мемлекет аумағында еңбек етіп, жинақталған жұмыс өтілі үшін сол мемлекет тағайындайды және төлейді;

Келісім күшіне енгенге дейін жинақталған жұмыс өтілі үшін зейнетақы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасына және 1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарының кепілдіктері туралы келісімге, ал Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы үшін – 2006 жылғы 24 қаңтардағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес тағайындалады және төленеді.

Осылайша Келісім нормалары жұмысқа орналастырушы мемлекеттің зейнетақы жүйесіне зейнетақы (сақтандыру) жарналарының міндетті түрде төленуін көздейтін еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт жасаса отырып, ресми жұмысқа орналасқан жағдайда еңбекшілерін Келісім күшіне енгеннен кейінгі кезеңде жинаған жұмыс өтіліне ғана қолданылатын болады.

Сонымен қатар, Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 2.3. тармақшасында Қазақстан Республикасында Келісім БЖЗҚ-дан зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы төлемдеріне қолданылатыны белгіленген:

1) зейнеткерлік жасқа толғанда;

2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектік белгіленген кезде;

3) мұрагерлерге біржолғы төлем.

Осы айтылғандарды ескере отырып:

1. ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап жұмыс беруші Қазақстанда шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат алмай, еңбек қызметін еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде жүзеге асыратын ЕАЭО елдері азаматтарының табысын есептеу кезінде БЖЗҚ-ға зейнетақы жарналарын (МЗЖ және МКЗЖ) ұстап қалуға және аударуға міндетті. Бұл ретте МЗЖ-ны есепке алатын жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) жұмыс беруші аударған МЗЖ-ның бастапқы сомасы түскен кезде БЖЗҚ-да автоматты түрде ашылады, ал МКЗЖ аудару үшін БЖЗҚ-ға жұмыс берушімен бірге келіп, ЖЗШ ашу туралы өтініш беру қажет;

2. жұмыс берушімен жасасқан еңбек шарты немесе азаматтық-құқықтық шарт бұзылған жағдайда аталған тұлғалардың БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығы Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 2.3-тармақшасында көзделген талаптар басталған кезде ғана пайда болады.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

СОУЧАСТИЕ В ПРЕСТУПЛЕНИИ

Повышенная общественная опасность групповой преступной деятельности характеризуется увеличением вероятности возникновения общественно опасного посягательства, а также причинением большего вреда, чем при совершении преступления одним лицом. Объединение усилий нескольких лиц для совершения преступления значительно облегчает осуществление преступного замысла, поскольку эти лица не только осознают попытку психологической поддержки друг друга, но и получают дополнительные возможности для достижения преступного результата и сокрытия следов преступления.

Существуют две основные точки зрения на юридическую природу соучастия. Первая из них опирается на представление о дополнительной, несамостоятельной природе соучастия. Согласно данной теории, основой соучастия является деятельность исполнителя, а действия всех остальных соучастников являются дополнительными по отношению к ней. Вторая теория рассматривает соучастие как самостоятельную форму преступной деятельности и устанавливает, что соучастники несут ответственность не за действия исполнителя, а за совершенные ими лично действия. И именно совершение этих действий является основанием их уголовной ответственности и определяет ее пределы. Именно этим объясняется то обстоятельство, что соучастники будут нести ответственность даже в случае, если исполнитель преступления не может быть привлечен к уголовной ответственности в силу каких-либо обстоятельств (смерти, или освобождения от уголовной ответственности вследствие деятельного раскаяния или добровольного отказа от совершения преступления.

В соучастии выделяют объективные и субъективные признаки. Отсутствие хотя бы одного из этих признаков исключает признание преступления совершенным в соучастии. Не образует соучастия совершение преступления с использованием лица, не подлежащего к уголовной ответственности в силу недостижения им возраста уголовной ответственности или невменяемости. Совместность деятельности выражается в том, что поступки нескольких лиц направлены на выполнение общего, единого для всех соучастников преступления. Соучастие, как правило, осуществляется путем активных действий соучастников, но может иметь место и соучастие путем бездействия.

Нуржан КАДЫРБЕК,
судья СМУС Алматинской области.

ОСОБАЯ ФОРМА ПОСРЕДНИЧЕСТВА

Медиация – это альтернативная форма разрешения споров, с участием третьей нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в данном конфликте стороны – медиатора. Медиация – это особая форма посредничества, не предполагающая вынесения третьей стороной решения по спору. Соответственно, главной задачей медиатора является помощь сторонам в как можно скором приведении спора взаимовыгодному и жизнеспособному решению.

Основными принципами, на которых строится медиация, являются: добровольность участия в процедуре, беспристрастность и нейтральность со стороны медиатора, конфиденциальность, прозрачность, принятие и уважение сторон медиатором и сторонами друг друга.

Закон Республики Казахстан «О медиации», который регулирует общественные отношения в сфере организации медиации в Республике Казахстан, и определяет ее принципы и процедуру проведения, а также статус медиаторов, был принят 28 января 2011 года.

В этой связи, возможно, необходимо уделить внимание программе прохождению учебных курсов с целью понять процедуру медиации изнутри, обучить судей основам медиации, диагностике конфликта.

Асель КАСЕНОВА,главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

НАВЯЗЫВАЮТ УСЛУГИ

По сообщению пресс-службы региональной палаты предпринимателей, предприниматели Талдыкоргана пожаловались на агрессивное навязывание услуг в сфере обеспечения пожарной безопасности.

Об этом предприниматели озвучили в ходе круглого стола по разъяснению вопросов государственного пожарного контроля на площадке Палаты предпринимателей Алматинской области с участием представителей ДЧС и предпринимателей.

На встрече приняли участие председатель Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции при Палата предпринимателей Алматинской области Баниямин Файзулин, врио заместителя начальника УГПК ДЧС Алматинской области Манат Турумов, представители ОЧС по городу Талдыкорган и члены областного филиала Казахстанской ассоциации непрерывного образования.

Как заявила член Регионального совета Палаты предпринимателей Алмаинской области, представитель областного филиала КАНО Роза Егинбаева, некоторые частные структуры, оказывающие услуги в сфере обучения пожарной безопасности, навязывают свои услуги угрожая проводимыми проверками.

Напомним, согласно Правилам обучения работников организаций и населения мерам пожарной безопасности ответственные лица учреждений должны пройти обучение по вопросам пожарно-технического минимума. Обучение нормам пожарной безопасности передано в конкурентную среду.

«Имеются факты, когда некоторые фирмы с других регионов навязывают свои услуги. Они не только настаивают, а порой в агрессивной форме нам заявляют, что необходимо приобрести их услуги. Тогда как в противном случае будет проверка со стороны государственного органа. Нам интересно, откуда у этих коммерческих компаний имеются все наши данные, вплоть до количества сотрудников?», - рассказала предпринимательница.

Представители ДЧС отметили, что сотрудники гражданской защиты не оказывают коммерческие услуги, за ним остаются контролируемые функции о пожаробезопасном состоянии объектов. Каждый предприниматель или руководители государственных учреждении в праве выбора фирмы с которым хотят заключить договора на услуги.

В свою очередь представители ассоциации планируют создать реестр проверенных организаций, оказывающих образовательные услуги с целью мониторинга качества оказания услуг.

Врио заместителя начальника УГПК ДЧС Алматинской области Марат Турумов проинформировал, что в соответствии с Указом Президента введен мораторий на проведение проверок в отношении субъектов малого предпринимательства.

«В соответствии с Указом Президента в 2021 году в графики проверок не включено 1 568 субъектов малого бизнеса. Проверки малого бизнеса проводятся только на основании поручения Министра по ЧС, в соответствии с поступившими жалобами. Кроме этого, согласно Закона Республики Казахстан «О гражданской защите» и Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях» для осуществления определенного вида деятельности заключения либо разрешения органов гражданской защиты не требуется», - сообщил он.

К слову с начала 2021 года проведено 3 проверки субъектов предпринимательства, из них в особом порядке 2 объекта высокой степени риска, во внеплановом – 1 объект. К административной ответственности привлечено 2 физических и юридических лиц. За истекший период текущего года, на объектах зарегистрировано 19 пожаров, по сравнению с 2020 годом рост на 26%.

Основной причиной пожаров на объектах послужило короткое замыкание электрической проводки, развивая свой бизнес закупом различного промышленного электрического оборудования, используя при этом электропроводку не рассчитанную на повышенную нагрузку электропотребляющих аппаратов.

В соответствии с Предпринимательским кодексом Республики Казахстан от 29 октября 2015 года за № 375-V ЗРК на объектах высокой степени риска 1 раз в год проводятся пожарно-технические обследования по особому порядку на основе оценки степени риска объекта. За исключением внеплановых проверок по исполнению ранее врученных предписании и поступивших заявлении.

Представители ДЧС также обратили внимание на то, что сегодня основной упор сделан на проведение информационной работы среди субъектов предпринимательства. По их словам, на субъектах малого и микро бизнеса организовываются профилактические мероприятия с вручением информационных листовок о соблюдении правил пожарной безопасности и с руководителями объектов проводятся профилактические беседы на противопожарную тематику.

Ш. ХАМИТОВ.

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ

ПОЛУЧИЛИ ПОМОЩЬ

По сообщению пресс-службы областного филиала партии «Nur Otan», вАлматинской области 350 семей получили помощь в рамках партийных проектов «Бақытты отбасы» и «Ардагерлерді ардақтайық» в преддверии праздника Наурыз мейрамы. Продуктовые корзины, товары первой необходимости и денежные средства вручены малообеспеченным и многодетным семьям, а также пожилым людям региона.

По словам члена депутатской фракции «Nur Otan» областного маслихата Риммы Сальковой, благотворительную помощь партийцы оказывают на системной основе. «В сельских округах взяты под шефство малоимущие семьи, чтобы обеспечивать на постоянной основе продуктами питания и товарами первой необходимости», - отметила она.

Так, в Кегенском районе партийцы оказали финансовую поддержку 7 семьям, в Талгарском – 24 малоимущие и многодетные семьи получили продуктовые корзины. Юная жительница Аксуского района, страдающая сложной формой нейродермита, получила денежную помощь и необходимые продукты.

Вместе с тем, в Жамбылском, Сарканском, Алакольском, Енбекшиказахском, Панфиловском, Балхашском районах, а также в городах Жаркент, Талдыкорган, Текели и Капшагай члены партии оказали финансовую поддержку и обеспечили продуктовыми корзинами малоимущие и многодетные семьи, а также пожилых людей.

Родители, проживающие по адресу село Жыланды, улица А. Молдагуловой №8, обратились за помощью в Алакольский районный филиал партии «Nur Otan». Член партии «Nur Otan» Алибекова Роза Тыныбаевна помогла Оспанбеку Альбине и КурмануСырыму найти положительное решение по данному вопросу. Детям на сумму 45 тыс. тенге были вручены одежда, сумки, школьные принадлежности.

Особое место в воспитании подрастающего поколения занимает спорт. Еще лучше иметь в каждом районе, селах спортивную школу и иметь все ее оборудование! Nur Otan» - народная партия. В рамках проекта «Халық көмек» администрация средней школы имени И. Жансугурова села Космос Енбекшиказахского района обратилась за помощью в районный филиал партии. По данному вопросу районным филиалом партии «Nur Otan» была оказана помощь спортивной школе с предоставлением необходимого оборудования. Инициатором выступил первый заместитель председателя Енбекшиказахского районного филиала партии К. Байгоджаев, спонсором выступил депутат районного маслихата Р. Идиминов.

Ш. БАТОВ.

ЭЛЕКТРОННЫЕ СЕРВИСЫ

УПРОСТИТЬ ПРОЦЕСС ОТПРАВЛЕНИЯ ПРАВОСУДИЯ

«Судебный кабинет» является пользователем сервиса подачи электронных документов. Авторизация в «Судебный кабинет» осуществляется с помощью ИИН или БИН и пароля. При подаче заявления (обращения) представителем юридического лица авторизация осуществляется посредством БИН.

Судебный кабинет упростить процесс отправления правосудия, избавить его от лишних бюрократических процедур – теперь стало возможным и несложным при активном внедрении новых информационных технологий, прочно вошедших в повседневную жизнь граждан и работу органов государственной власти, что позволяет избежать многих неудобств и получить максимально эффективный результат при минимальных затратах временных и финансовых ресурсов.

Гражданин, его представитель или адвокат в любое удобное ему время, не выходя из дома, офиса через сеть интернет может просмотреть судебный документ, а также статус по делу и распечатать судебный акт.

Внедрение и применение современных технологий в судебной системе упрощает судопроизводство, снимает бюрократические барьеры, минимизирует контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствует снижению подверженности к коррупции, экономит время и средства граждан, позволит достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

Сегодня с помощью ЭЦП граждане направляют обращения в виртуальные приемные государственных органов, получают справки, меняют прописку, подают заявки на получение различного рода услуг и разрешений.

Физические лица и их представители, представители юридических лиц вправе представлять в суд электронные документы, посредством заполнения электронных форм, размещенных в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет». Для этого указанным лицам необходимо зарегистрироваться в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет».

Электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными документами» доступны через официальный сайт Верховного суда http://www.sud.kz. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись.

Сатжан СЕИТКЕРИМ,
старший судебный пристав
Талдыкорганского городского суда.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Құралайды көзге атқан ФАРИЗА

МЕРГЕНДІК ТЕ – ӨНЕР. ӨҢІРІМІЗДЕ КӨЗДЕГЕН НЫСАНАҒА ДӘЛ ТИГІЗЕТІН ШЕБЕР АТҚЫШТАР ҚАРАСЫ КӨП-АҚ. СОЛАРДЫҢ БІРІ – 18 ЖАСТАҒЫ НҰРЫМ ФАРИЗА НҰРКЕНҚЫЗЫ. ОЛ – ПАНФИЛОВ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ КӨКТАЛ АУЫЛЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. ФАРИЗА ЕҢ АЛҒАШ САДАҚ АТУДЫ 14 ЖАСЫНДА БАСТАҒАН. ӨЗІНІҢ ЖАРЫСТАҒЫ ШЕБЕРЛІГІМЕН 2016 ЖЫЛЫ САДАҚ АТУДАН АШЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЫСТА І ОРЫН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫНДА ІІІ ОРЫН ЖӘНЕ АУДАН, ҚАЛАЛАРДА БІРНЕШЕ ЖЕТІСТІКТІ БАҒЫНДЫРҒАН МЕРГЕН ҚЫЗБЕН ТІКЕЛЕЙ ТІЛДЕСУДІҢ СӘТІ ТҮСПЕСЕ ДЕ ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ӘҢГІМЕЛЕСУДІҢ РЕТІ ТУДЫ.

–Негізінде, мұндай спорт түріне қара күш иелері қызығушылық танытып жатады. Сенің бұл спорт түрін таңдауыңның себебін немен түсіндірер едің?

–Үнемі осы сұрақ алдымнан шығады. Бұл спортқа келуімнің басты себепкері болған – ағам. Бірде ол мені Алматыға шақырды. Әсем шаһардағы 7- сыныптан бастап қабылдайтын садақ атуға дайындайтын оқу орталығына алып барды. Содан бастап осы спортқа қызығушылығым артып, еш ойланбастан жаныма серік еттім.

– Садақ ату – мергендік өнердің бір түрі болғандықтан қауіпті тұстары көп. Ертеңгі күні тастап кетемін деп қорықпайсың ба?

– Жарыс кезінде жарақат алған сәттер кездесті. Әрине, бірақ бұл спорт мені көп нәрсеге баулыды. Бойыма сабырлық деген көркем мінезді қалыптастырды. Сондықтан, болашақта өзім тренер болып, шәкірт тәрбиелесем деген мақсатым да бар.

–Дайындыққа қанша уақытыңды арнайсың?

– Бір күннің жартысын... Нысананың шетіне тигізіп алсаң, дәл ортасына тигізу үшін күш жұмсайсың сол арқылы төзімділікті қалыптастырасың.Кез келген қиын жағдайда, тіпті өмірге қауіп төнсе де, жүктелген міндетті мүлтіксіз орындауға дағдыланамын.

– Аз ғана уақыт ішінде көптеген белесті бағындырыпсың. Жеңіске жетудің басты қағидасы неде?

– Бірінші Алланың арқасы. Екінші, ата-анамның ақ тілегі. Жеңіске жетудің басты күші – жаттықтырушының айтқан талаптарын мүлтіксіз орындау. Сонымен қатар, садақ атуда ойыңды тек садақ пен нысана ғана мазалау керек. Көздеу барысында сантиметрмен емес миллиметрмен жұмыс жасаймын. Әрбір оқ – еңбегімнің жетістігі деп білемін.

Осы орайда айта кетейін, 24-30 наурыз аралығында Қазақстан чемпионатында 25+25 метрден (285-291) балмен күміс жүлдені олжаладым. Осы жарыста Қазақстан Республикасының садақ атудан спорт шеберлігін де қорғап шыққанымды мақтанышпен айта аламын.

– Садақ атудан қандай сабақ алуға болады?

– Жалпы әр нәрсені қыз немесе ұлдың ісі деп бөлмеу керек шығар деймін. Әр адам жасаған ісі нәтиже түзу болса сізде жасай аласыз. «Атқа міну, садақ ату, күрес пен жүгіру – созылмалы аурулардың бірден-бір дауасы» деген емес пе. Демек, міндетті түрде жарысқа қатысып, жеңіске жетпесеңізде, жас талғамайтын бұл спортты денсаулығыңыз үшін де хоббиге айналдыруға болады.

–Әңгімеңізге рахмет!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

НҰР ЫБЫРАЕВ, жаттықтырушы: «*Фаризаның бойында мен күткен қасиеттердің бәрі бар. 2018 жылдан бері бапкері болып, шыңдап келемін. Садақты серік еткен мерген қыз қос батыр Әлия мен Мәншүктің ерлігін бала кезінен үлгі тұтады. Сабырлы, еңбекқор ең бастысы айтқан нәрсені бұлжытпай орындайды. Үнемі алға ұмтылады.*

Бұл спорт түрінің қанша қиын сәттері кездессе де орта жолдан тастап кеткен емес. Себебі, Фариза өз таңдауын дұрыс жасады. Мені сабырлық мінезімен тәнті еткен Фаризаның әлі де биік белестерді бағындыратындығына сенімдімін».

Ардағүл ӘСКЕРБЕК

БЖЗК

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Біржолғы зейнетақы төлемі пайдаланылмаса, не болады?

2021 жылдың 1 ақпанынан бастап БЖЗҚ уәкілетті оператор болып белгіленген банктерде ашылған салымшылардың арнайы шоттарына біржолғы зейнетақы төлемдерін аудара бастады.

Біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті оператор – «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-дағы арнайы шотқа түскеннен кейін алушы 45 жұмыс күні ішінде (Біржолғы зейнетақы төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалану қағидаларының 13-тармағына сәйкес) уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын құжаттарды ұсынады.

Уәкілетті операторға растаушы құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, бұл қаражат салымшының БЖЗҚ-дағы зейнетақы шотына қайтарылуы тиіс.

Салымшы сұратқан зейнетақы жинақтарының сомасын БЖЗҚуәкілетті оператордағы арнайы шотқа аударғаннан кейін 45 жұмыс күні ішінде бұл қаражаттың инвестициялық басқарудан алынатынына, демек, оған инвестициялық табыстың есептелмейтініне назар аударғымыз келеді.

БЖЗҚ-ғы зейнетақы активтерінің 2020 жылғы жылдық табыстылығы 10,92% құрады. Егер осы деректерді негізге алсақ, мәселен, 45 жұмыс күні ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған біржолғы зейнетақы төлемінің 5,5 млн теңге мөлшеріндегі орташа сомасын уәкілетті оператордағы арнайы шоттан БЖЗҚ-ға аударғаннан кейін осы кезеңдегі салымшы толық алмаған инвестициялық табыс мөлшері шамамен 100 мың теңгені құрауы мүмкін.

Бұдан басқа, арнайы шотқа аударылған зейнетақы жинақтарына инфляция деңгейін ескере отырып, олардың сақталуы бойынша мемлекеттің заңда көзделген кепілдігі қолданылмайды. Сондай-ақ, БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомаларынан салымшы таңдаған және оның өтінішінде көрсетілген тәсілге сәйкес жеке табыс салығын (ЖТС) есептеу және ұстап қалу жүргізіледі.

Осыған орай, БЖЗҚ-ға қаражатты қайтару, инвестициялық табыс пен мемлекет кепілдігін жоғалту, сондай-ақ, ЖТС-ты мерзімінен бұрын есептеу жағдайларын болдырмау үшін салымшыларға біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалануды жауапкершілікпен әрі мұқият жоспарлауды ұсынамыз. Зейнетақы жинақтарының мақсатты пайдаланылуын растау үшін қажетті құжаттардың тізімін өтінім бергенге дейін мұқият зерделеп, оларды уәкілетті операторға уақытылы ұсынуды қамтамасыз еткен жөн.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілі болғандықтан жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен күнге өте өзекті болып барады. Өйткені дәл бүгінгідей боймен емес, оймен жарысатын заманда ғылымды, жаңа ақпараттық технологияны меңгермей жан-жақты дамыған мемлекеттер қатарынан ойып орын алу еш мүмкін емес.

Ағылшын тілін үйренудегі тиімді әдіс-тәсілдер

Ең бірінші міндет – ағылшын тілін меңгеру болғандықтан оқушылар да өз жауапкершіліктерін бір кісідей-ақ сезінуде. Шетел тілін қашықтықтан оқыту үшін біз оқушылармен белсенді әрі тығыз байланыс орнатып келеміз. Оқушының тұлғалық белсенділігін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге баулып, ізденімпаздық қасиетін қалыптастыру үшін арнайы тапсырмалар да ұсынамыз. Нәтижесінде оқушы мен оқу тобының белсенділігі ағылшын тілін компьютер арқылы тез меңгеруге, өзіне керекті қатысымдық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға, жеке тұлғаға қажет қасиеттерді қабылдауға, белсенді саналы жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Онлайн оқу түрінде білім беру белсенділігі түрлі жолдармен, көбінесе оқу материалдарын арнайы ұйымдастыру, оның бір жерге ұтымды шоғырлануы мен бөлінуі, оқытудың ерекше ұтымды формалар және әдіс-тәсілдері, сондай-ақ ұстаз бен оқушының әлеуеті мүмкіншіліктерін өнімді пайдалану және оны тәжірибеде ұтымды қолдану арқылы іске асады. Біз оқушыларға ағылшын тілін еркін үйренулері үшін техникалық және дидактикалық мүмкіндіктері кеңінен пайдаланып келеміз. Мысалы, оқушылар ағылшын тіліндегі түрлі мәтінді дискіге микрофон арқылы жазу, мәтінді жоғары-төмен, оңға-солға жылжыту, CD-ROM негізінде мультимедиялық құралдар арқылы мәтінді, дыбысты, графиканы, мультипликация мен бейнені біріктіру жұмыстарын жетік меңгеріп, қайталау арқылы шет тілін еркін меңгеруге талпынады.

Қашықтықтан оқыту үрдісінде кеңінен қолданылатын оқытуға арналған программалық құрал – компьютерлік оқыту жүйесі. Нәтижесінде оқушылар мынандай әрекеттерді еркін меңгергенін байқадық. Мысалы, тілді меңгеру үрдісін жекешелендіру, тілді меңгеру деңгейін өзін-өзі бақылаумен қамтамасыз ету, компьютерде жұмыс істеу арқылы тілді үйрену уақытын үнемдеу, ойын элементтерін пайдалану арқылы тіл үйренуге қызығушылықтарын арттыру, әр түрлі материалдар арқылы танымдық мәдениетін қалыптастыру. Сонымен қатар, онлайн форматта ағылшын тілін меңгеру үшін оқушылармен чат арқылы тілдесудің де тиімділігі зор екеніне көз жеткіздік. Жас ұрпақтың білімді болу үшін ұйымдастырушылық-қызықтырушылық формасында да жұмыс істеп келеміз. Нәтижесінде, оқушыларымыздың күн артқан сайын ағылшын тілін жақсы, жан-жақты меңгеріп жатқанына куә болудамыз. Бұл – біз үшін үлкен жеңіспен пара-пар.

Аида ДЮСЕКЕНОВА,
Динара ЖАСЫБАЕВА,
Б. Сырттанұлы атындағы №25 орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімдері.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ОЙТАЛҚЫ

БҮЛДІРУГЕ НЕГЕ ҚҰМАРМЫЗ? немесе сыны кеткен саябақ





Талдықорған қаласындағы орталық саябақ толық жөндеуден өтіп, 2017 жылы пайдалануға берілген болатын. Нысанның жалпы сметалық құны 345,9 млн. теңгені құрайды. Құрылыс жұмыстарын бас мердігер ретінде «Достық Астана НС» ЖШС жүргізді. Сыртқы жарықтандырылуы, жаяу жүргіншілер жолы, гүлзарлар мен газондар жасалып, түрлі ағаштар отырғызылған. Шағын архитектуралық формалар, мүсіндер, орындықтар, балалар әткеншектері, қоршаулар, қоқыс жәшіктері де орнатылды. Сол сияқты негізгі кіре беріс пен автокөліктерге арналған орын да жасалды. Содан бері арада төрт жыл зымырап өтіпті.

Ал енді бүгінгі саябақтың бет-бейнесіне назар аударсаң, не айтарыңды білмей, тіліңді тістеп қаласың. Сонымен, саябаққа бара қалсаң қираған орындықтар, сынған жарық шамдары, былайша айтқанда бүлінген заттарды тамашалап қайтасың. ...Кешкілік таза ауада серуендеп жүріп жайғасатын орын таппайсың-ау. Айналаң қоқысқа қақалып тұр. Ойлап қарасаңыз, орталық саябақтағы мұндай жағымсыз жайттар ішкі мәдениетіміздің төмендеп бара жатқанын көрсетіп тұрғандай-ақ.

Саябақ деген адам бір уақыт демалып, терең тыныс алатын жер ғой. Ал, біз онда барып ойымызға келгенін жасап, бәрін бүлдіруге асығамыз. Басқалар ескісін жаңалап жатқанда, біз неге жаңаны бүлдіруге асығамыз?! Мәселен, саябаққа кіре берісте орнатылған әп-әдемі қазақ ертегілерінен алынған мүсіндердің бүгінгі кескінін көрсең, ішің қан жылайды. Шықбермес Шығайбай, сатушы және Алдаркөсе үшеуі бір ертегінің кейіпкерлері болып тұратын. Қазіргі көріністе Алдаркөсенің қолын сындырып, саябақтың басқа бұрышына қойып қойған. Ал, Шықбермес Шығайбай мен сатушы екеуі Алдар көсенің жоқтығынан ба қабақтары түйіліп төмен қарап тұрғандай кейіп танытады екен. Жалғыз Алдар көсе емес, сол жердегі қар барысының да бір құлағын жұлып алыпты. Сондай-ақ, саябақтың символы болып тұрған шаңыраққа ұқсастырып жасалған керемет монумент те шимай-шатпақ сөздерге көмкеріліп қалыпты.

Рухани құндылықтарымызды сақтамай, қоғамдық орындардағы орнатылған мүсіндер мен ескерткіш тақталарына залал келтірудің өзі біздің мәдениетсіздігімізді танытып отырған жоқ па?! Біле-білсеңіз, осы бір саябақтың құрылыс жұмысына бюджеттен бір емес 345,9 миллион теңге жұмсалыпты. Ендігі, бұған не дерсің?!

Мұндай күймен біз қайтіп ел боламыз деймін. Бәрін айт та, бірін айт, мұндай сорақылықтың алдын алуда саябақтағы ішкі көріністі бақылауға алатындай арнайы бейнекамералар орнатылуы керек шығар, бәлкім. Бұл туралы сіз не ойлайсыз, көзі қарақты оқырман?!

А.ҚҰСМАНҚЫЗЫ.

muftyat.kz

Рамазан

2021 хижри 1442 жыл

QR-код арқылы Рамазан парақшасына өте аласыздар

Талдықорған қаласы

Рамазан айы	Апта күндері	Сәуір және Мамыр	Таң (Сәресі бітетін уақыты)	Күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам (Ауызашар уақыты)	Құптан
1	Сейсенбі	13 Сәуір	04:39	06:03	12:50	17:32	19:32	20:56
2	Сәрсенбі	14 Сәуір	04:37	06:01	12:50	17:33	19:34	20:58
3	Бейсенбі	15 Сәуір	04:35	05:59	12:50	17:34	19:35	20:59
4	Жұма	16 Сәуір	04:33	05:57	12:49	17:35	19:36	21:01
5	Сенбі	17 Сәуір	04:31	05:56	12:49	17:36	19:37	21:03
6	Жексенбі	18 Сәуір	04:29	05:54	12:49	17:36	19:39	21:04
7	Дүйсенбі	19 Сәуір	04:26	05:52	12:49	17:37	19:40	21:06
8	Сейсенбі	20 Сәуір	04:24	05:50	12:48	17:38	19:41	21:08
9	Сәрсенбі	21 Сәуір	04:22	05:49	12:48	17:39	19:42	21:09
10	Бейсенбі	22 Сәуір	04:20	05:47	12:48	17:40	19:44	21:11
11	Жұма	23 Сәуір	04:18	05:45	12:48	17:40	19:45	21:13
12	Сенбі	24 Сәуір	04:16	05:44	12:48	17:41	19:46	21:14
13	Жексенбі	25 Сәуір	04:14	05:42	12:48	17:42	19:47	21:16
14	Дүйсенбі	26 Сәуір	04:12	05:41	12:47	17:43	19:49	21:18
15	Сейсенбі	27 Сәуір	04:10	05:39	12:47	17:43	19:50	21:19
16	Сәрсенбі	28 Сәуір	04:08	05:38	12:47	17:44	19:51	21:21
17	Бейсенбі	29 Сәуір	04:06	05:36	12:47	17:45	19:52	21:23
18	Жұма	30 Сәуір	04:04	05:34	12:47	17:46	19:54	21:25
19	Сенбі	1 Мамыр	04:02	05:33	12:47	17:46	19:55	21:26
20	Жексенбі	2 Мамыр	04:00	05:32	12:47	17:47	19:56	21:28
21	Дүйсенбі	3 Мамыр	03:58	05:30	12:46	17:48	19:57	21:30
22	Сейсенбі	4 Мамыр	03:56	05:29	12:46	17:49	19:59	21:32
23	Сәрсенбі	5 Мамыр	03:54	05:27	12:46	17:49	20:00	21:33
24	Бейсенбі	6 Мамыр	03:52	05:26	12:46	17:50	20:01	21:35
25	Жұма	7 Мамыр	03:50	05:24	12:46	17:51	20:02	21:37
26	Сенбі	8 Мамыр	03:48	05:23	12:46	17:52	20:04	21:39
27	Жексенбі	9 Мамыр	03:46	05:22	12:46	17:52	20:05	21:40
28	Дүйсенбі	10 Мамыр	03:45	05:21	12:46	17:53	20:06	21:42
29	Сейсенбі	11 Мамыр	03:43	05:19	12:46	17:54	20:07	21:44
30	Сәрсенбі	12 Мамыр	03:41	05:18	12:46	17:54	20:08	21:46

ЕСКЕРТУ

- Сәресі ішу, яғни ауыз бекіту таң намазының кіруіне **10 минут** қалғанда тоқтату абзал.
- **Ақшам намазының** уақыты кіргенде ауыз ашылады.
- Мамыр айының 8-нен 9-на қараған түн – **қасиетті Қадір түні.**
- Биыл пітір садақаның мөлшері **420 теңге** болып бекітілді.
- Садақаны **Kaspi.kz** мобильді қосымшасы арқылы аударуға болады.

CALL-ОРТАЛЫҚ +7(7172) 33-30-30

АУЫЗАШАР ДҰҒАСЫ

Аллаһым! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризық-несібеңмен ауызымды аштым. Саған иман келтіріп, саған тәуекел еттім. Рамазан айының ертеңгі күніне де ауыз бекітуге ниет еттім. Сен менің өткен және келешек күнәларымды кешір.

АУЫЗ БЕКІТУ ДҰҒАСЫ

Алла ризашылығы үшін мұбәрәк Рамазан айының оразасын таңнан күн батқанға дейін ұстауға ниет еттім.

ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардағул ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: К.ПФАЙФЕР

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 377
Индекс 15534